63.3(5Каз)
С 22

САРАЙШЫҚ – БАБАЛАР МҰРАСЫ
САРАЙЧИК – НАСЛЕДИЕ ПРЕДКОВ



АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКЦИЯСЫ

САРАЙШЫҚ – БАБАЛАР МҰРАСЫ

САРАЙШЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕККӨЗДЕР

F. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ
ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ
ӘМБЕБАП КІТАПХАНА
421394 ЭР

АТЫРАУ. 2015

УДК 908
ББК 26.89
С22

Басылым Атырау облысының әкімі Б.С.Ізмұхамбетов 2015 жылдың 15 қаңтарында бекіткен Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі Атырау облысы бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес шығарылды.

Редакциялық алқа:
Ш.Ж.Мұқан, А.Б.Нсанғалиев, М.Қ.Кипиев, Ж.К.Жұмабаева,
З.М.Сүйнешов, Қ.Ө.Жылқышиев, Р.Е.Харипова

Құрастырушылар:
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.К.Жұмабаева
Гуманитарлық ғылымдар магистрі М.Қ.Кипиев

Ғылыми редактор:
Ж.К.Жұмабаева

Пікір жазғандар:
Тарих ғылымдарының докторы:Р.А.Бекназаров
Тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Ж.Мұстафин
Тарих ғылымдарының кандидаты А.З.Бейсенов

Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер
С22 /Құр.Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев//Ғыл.ред.Ж.К.Жұмабаева. – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
ISBN 978-601-7313-91-3

Басылымда Алтын Орда мен Ноғай Ордасының бас қаласы, Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қалашығына қатысты XIV ғасырмен мен XX ғасырдың 80-ші жылдарына дейін жазылған деректер жинақталған.

Жинақ тарихшы-мамандармен қатар, көпшілік оқырмандарға арналады.

УДК 908
ББК 26.89
ISBN 978-601-7313-91-3

© Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы,
© Жұмабаева Ж.К., Кипиев М.Қ., 2015

АКИМАТ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИНСПЕКЦИЯ ПО ОХРАНЕ, РЕСТАВРАЦИИ И ИСПОЛЬЗОВАНИЮ
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

САРАЙЧИК – НАСЛЕДИЕ ПРЕДКОВ

ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ ГОРОДИЩА САРАЙЧИК

АТЫРАУ. 2015

УДК 908
ББК 26.89
С22

Сборник издан в рамках плана мероприятий, посвященных по подготовке и проведению 550-летия Казахского ханства по Атырауской области, утвержденного Акимом Атырауской области Б.С.Измухамбетовым от 15 января 2015 года.

Редакционная коллегия:
Ш.Ж.Мукан, А.Б.Нсангалиев, М.К.Кипиев, Ж.К.Жумабаева,
З.М.Суйнешов, К.У.Жылкышиев, Р.Е.Харипова

Составители:
Кандидат исторических наук, доцент Ж.К.Жумабаева
Магистр гуманитарных наук М.К.Кипиев

Научный редактор:
Ж.К.Жумабаева

Рецензенты:
Доктор исторических наук:Р.А.Бекназаров
Кандидат исторических наук Ж.Ж.Мустафин
Кандидат исторических наук А.З.Бейсенов

Сарайчик – наследие предков.Источники по истории городища Сарайчик/
С22 Сост. Ж.К.Жумабаева, М.К.Кипиев//Науч.ред.Ж.К.Жумабаева. – Атырау: издательство «Агатай», 2015. – 224 с.
ISBN 978-601-7313-91-3

В издании собраны источники с XIV века по 80-е годы XX века, касающийся городища Сарайчик столицы Казахского ханства, главного города Золотой Орды и Ногайской Орды.
Сборник предназначен не только специалистам-историкам, но и широкому кругу читателей.

УДК 908
ББК 26.89

ISBN 978-601-7313-91-3

© Государственная инспекция по охране, реставрации и использованию историко-культурного наследия Атырауской области,
© Жумабаева Ж.К., Кипиев М.К., 2015

АЛҒЫ СӨЗ

Кең байтақ Қазақстанның батысындағы Атырау өлкесі- Алтай мен Солтүстік Монғолиядан батысқа жылжыған бүкіл түркі жұртының көші тұрақтайтын шеткі аймағы, этникалық бірігуі мен ынтымақтасуы, араласуы мен байланысуының куәсі болған қасиетті топырақ. Осы жерде тынығып, күш жинаған ертедегі түркілер дүниенің төрт бұрышына қоныс іздеп таралған, қазіргі Батыс түріктерінің (венгерлер, бұлғарлар, осман түріктері, т.б.) ата жұрты, Шығыс түріктерінің өрісі болып, кейін қазақ атауымен ұйысқан түрік ру-тайпаларының ат тұяғы тұрақтаған жері. Алайда бұл тарихи шындық кеңестік кезеңде жазба деректердің жоқтығынан және кеңестік маркстік формациялық концепцияға орай талай бұрмаланды. Тарихы жоқ, дамудың алғашқы қауымдық деңгейінен жоғары көтеріле алмаған, патриархальдық, артта қалған деп саналған қазақ қоғамы мен халқының сақ- сарматтар мен ғұндарды айтпағанның өзінде, Түрік қағанаты, Оғыз, Қыпшақ жұртына, Шыңғысхан мемлекеті сияқты Еуразиялық көшпелі империялар тарихына т. б. *қатысы жоқтығы* санамызға сіңірілді.

Өлке тарихының маңыздылығын аттыратын фактордың бірі– Алтын Орданың кіші астанасы, Ноғай Ордасының бас қаласы, ноғай-қазақ тұтастығында Қазақ хандығының ордаларының бірі - Сарайшықтай тарихи қаланың Атырауда болуы. Тек осы тарихи фактіні сезінудің өзі өшуге айналған тарихи санамыздың саңылауын ашып, тарихымызды түгендеу үшін әбден жеткілікті.

Өткенсіз болашақ жоқ дегендей, адамзат тек бүгінімен ғана мәнді емес. Өйткені бүгінгіміз - бабалар мұрасы және келешек ұрпақты жалғастыратын көпір. Біз ғасырлар тұңғиығында қалған қасиетті қазыналарымызды бағалай алдық па? Ата-бабамыз жүріп өткен жолдарды қаншалықты зерттеп-зерделедік? Біздің заманымыздан бұрынғы өркениетті тануға өреміз жетті ме? Осы сұрақтардың қойылуының өзі тарихымыз бен мәдениетімізді терең, ғылыми танып білу маңыздылығын көрсетеді.

Осы тұста Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Мәңгілік ел» идеясы елдік пен бірлік, ынтымақтастық сияқты құндылықтарды мансұқ етіп, өткен мен бүгінді және жарқын болашақты байланыстыратын басты бағдар екендігін айта кеткен жөн.

Бүгінгі күні Атырау облысының Махамбет ауданында орналасқан ортағасырлық Сарайшық қалашығы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің санатына кіреді. Ол қазақ халқының ата жұртының ұрпағына қалдырған естелігі ғана емес, адамзат әлемінің өзара байланыстылығының, ықпалдастығының куәсі. Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, дүниенің шартарабын, батыс пен шығысты, солтүстік елдер мен алдыңғы Азиядағы Таяу Шығыс елдерін жалғастырған алтын көпір болған.

Өкінішке орай, осындай құнды мұрамыз бүгінгі күні өзінің алғашқы тарихи-мәдени қалпын жойып, құландыға айналған. Сондықтан да, қалашықтың пайда болуы, дамуы, гүлденуі және құлдырауына қатысты мәліметтерді білу үшін, біз ең алдымен тарихи дереккөздерге жүгінеміз. Сарайшық қалашығы жөнінде деректердің қалыптасуына көне қаланың өзін көрген немесе оның қирандыларының жағдайымен танысқан араб және итальян саудагерлері мен саяхатшылары, орыс шығыстанушылары мен жаратылыстанушылары, топографтар, дін қызметкерлері, әскерилер, казактар, археологтар, өлкетанушылар, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаған тіл мамандары мен әдебиетшілер де үлкен үлес қосты.

Жинақталған бұл деректер ортағасырлық көне қала-Сарайшық тарихын реконструкциялауға ықпал етті. Дегенмен қолда бар деректер Сарайшық қалашығының тарихын толық тануға жеткіліксіз. Жаңа деректерді табу, халық ауыз әдебиеті, батырлық жырлар мен тарихи аңыздарды жинақтау, өңдеу, верификациялау, оларды пәнаралық зерттеулер арқылы жүргізу қажеттігі кезек күттірмейді. Сонымен қатар, тек Сарайшық құландылары ғана емес, өлкедегі көне және ортағасырлық объектілерге кешенді археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу де, Сарайшықтың ұрпақтарынан жасырған құпиясын ғана емес, ел тарихының жаңа парақтарын ашар еді.

Жалпы Сарайшық тарихының жазылуын мүмкін еткен, қазірде

белгілі, ғылыми айналымға түскен барлық дереккөздерді хронологиясы бойынша екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: біріншісі, қалашықтың пайда болуы, өмір сүрген дәуіріне қатысты болса, екіншісі, қалашықтың өмірін тоқтатып, қирандыға айналған кезеңі. Осы жерде ескерер бір жайт, бірінші кезеңге қатысты дереккөздер Ибн Батутаны есептемегенде жоқтың қасы. Сондықтан қаланы өз көзімен көріп, ол туралы аз да болса мәлімет қалдырған Ибн Батута сынды саяхатшы жазбасының деректік маңызы зор.

Дейтұрғанмен, қалашықтың екінші кезеңіне қатысты негізгі құнды деректер XVIII ғасырдан бастап Ресей империясының Орта Азияға алғашында әскери, кейін ғылыми экспедициялары барысында қалыптасып, бұл үрдіс Кеңестік кезеңде өз жалғасын тапты.

Сондай-ақ, жинаққа кәсіби тарихшы зерттеушілердің назарынан тыс қалып келетін деректің бір түрі – қазақ халқының фольклорлық мұрасы, яғни, аңыз-әңгімелер де енгізілді. Мұны жинақтаған Ресей империясына қызмет еткен шенеуніктің ел арасынан жазып алған аңыз әңгімелері қалашық тарихы үшін деректік маңызымен құнды. Өйткені көшпелі тұрмыс кешкен халқымыздың өткені туралы жады атадан балаға ауызекі тарихи жырлар мен эпостар, батырлар жыры, тарихи аңыз- әңгімелер түрінде бізге жетсе, осылардың біразын хатқа түсіріп жинақтаған И. Крафтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Оның қазіргі Ақтөбе облысы аумағындағы қазақтар арасынан жинақтаған «Иван Калита», «Предсказания кудесника» сынды әңгімелері бізге жетпей, ұмыт болған, халықтың тарихи танымын, білімін айғақтайтын мол мұраның сарқындысы ғана. Сондықтан қазақ жерін отарлау барысында отарлық басқармаға ғана емес, ғылым мен білімге қызмет еткен зерттеушілердің қазақ халқының баға жетпес рухани мұраларын сақтауға, оларды ұрпақтарына жеткізуге қосқан үлесін ескермеуге болмайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен атап өтілетін Қазақ хандығының 550 жылдығына орай көпшілікке ғылыми-танымдық бағытта ұсынылып отырған көне Сарайшық қаласы туралы деректер жинағы халқымыздың ел тарихына деген қызығушылығын ескерумен қатар, қалың оқырманды бүгінде құландыға айналған даңқты қала – Сарайшықтың

қағазда хатталып қалған тарихымен таныстыру және оның объективті зерттелуіне аз да болса ықпал ету мақсаттарын қояды.

Деректер жинағында Сарайшық жөніндегі ғалымдардың, саяхатшылардың, әскери шенеуніктердің, өлкетанушылардың және өзге де зерттеушілердің бұрыннан белгілі және белгісіз деректері толықтай немесе үзінді түрінде беріліп, оларға ғылыми түсіндірмелер (комментарийлер) жасалды.

Жинақта Сарайшықты өз көзімен көріп, ол туралы жазба қалдырған саяхатшылар, зерттеушілер еңбектерімен бірге, қалашыққа XX ғасырда қазба жұмысын жүргізген кәсіпқой археологтардың ,архивте сақталған еңбектері мен басылған мақалалары және жергілікті облыстық газетте мәдени-танымдық бағытта басылған жарияланымдар барлығы 26 дерек енді. Деректер жинағының тілі лингвистикалық принципке құрылған, яғни зерттеушілер жазған тілдерде (орыс және қазақ) берілген. Сондай-ақ, қалашыққа қатысты деректердің негізгі бөлігі орыс тілінде жазылғандықтан, оларға ғылыми түсіндірмелер қазақ тілінде берілді. Жинаққа енген деректердің хронологиясы XIV ғасыр мен 1978 жылдар аралығын құрайды.

Құрылымы Сарайшық туралы деректер мен зерттеулерден, әдебиеттер тізімінен, есімдер мен географиялық атаулардың көрсеткішінен, фотосуреттер мен сызбалардан және зерттеушілер қолданған ортағасырлық карталар тұрады.

Құрастырушылар Сарайшық тарихы бойынша жасақталған бұл алғашқы жинаққа деректердің толық қамтылуы және оларды іріктеуге қатысты сын-ескертпелердің болу мүмкіндігін ескере отырып, басылымның оқырманға жетіп, жаңа ізденістерге жол ашуына үміт артады.

Жинақтың редакциялық алқасы мен құрастырушылар басылымның жарық көруіне қолдау көрсеткен Атырау облысының әкімі Б.Ізмұхамбетовке, облыс әкімінің орынбасары Ш.Мұқанға және деректер жинағын шығару идеясын айтқан облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы А.Нсанғалиевке ризашылығын білдіреді.

Жинақты құрастырғандар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Жұмабаева және Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының басшысы, тарих мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі М.Кипиев.

Жинаққа енген материалдар Ресей мемлекеттік кітапханасының (Ресей, Мәскеу қ.), Ресей Ұлттық кітапханасының (Ресей, Санкт-Петербург қ.) Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының (ҚР, Алматы қ.), А.Марғұлан атындағы Археология институты (ҚР, Алматы қ.) мен Атырау облысының тарихи-өлкетану мұражайының қорларынан жинақталды.

Басылымның ғылыми редакторы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Жұмабаева.

Алғы сөзді жазғандар – Ж.Жұмабаева, М.Кипиев

Сарайшық қалашығының тарихнамасы мен дереккөздерді жазған – М.Кипиев

Ғылыми түсіндірмелерді (комментарийлер) жазған – Ж.Жұмабаева

Фотосуреттерді, сызбалар мен карталарды әзірлеген – М.Кипиев, Ф.Байдаулетов, Е.Орынбасаров

Материалдарды терген және есімдер мен географиялық атаулар көрсеткішін әзірлегендер Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының мамандары А.Кабдешова, Р.Ахмеденова, Р.Қуанов, М.Макжанова, Г.Жандарбекқызы.

ПРЕДИСЛОВИЕ

Атырауский регион на западе необъятной казахстанской степи - это крайние пределы, где останавливались и обосновывались многочисленные кочевья всего тюркского мира, передвигавшиеся на запад с Алтая и Северной Монголии. Священная земля Атырау была свидетельницей исторических процессов этнического объединения и содружества, взаимных связей и тесного общения племен и народов. Здесь отдыхали и набирались сил тюркские народы древности, разбредавшиеся затем по всем четырем сторонам света в поисках места жительства, здесь проживали предки современных западных тюрков (венгров, булгар, османских турок и др.), здесь располагались пастбища восточных тюрков, здесь останавливали свои кочевья тюркские племена и роды, позднее организовавшиеся под единым этнонимом«казахи».

Однако эта историческая истина неоднократно искажалась в советский период ввиду отсутствия письменных данных и в угоду советской марксовой концепции формационного развития общества. В наше сознание усердно внедрялась мысль о том, что считавшееся патриархальным, отсталым, не сумевшим подняться в своем развитии выше уровня первобытнообщинного строя, не имевшее истории казахское общество и казахский народ *не имеют никакого отношения* к истории евразийских кочевых империй, таких как Тюркский каганат, Огузы, Кыпшаки, государство Шынгысхана, не говоря уже о саках-сарматах и гуннах.

Одним из факторов, усиливающих значимость истории края, является то, что именно в Атырау находится малая столица Золотой Орды, главный город Ногайской Орды, один из центров Казахского ханства в ногайско-казахском единстве – исторический город Сарайшык. Одного только осознания данного исторического факта вполне достаточно для пробуждения нашего исторического сознания, едва не угасшего в оковах подчиненности, для восполнения нашей истории.

Как говорится, без прошлого нет будущего, человечество значимо не только современностью, ибо наше настоящее – это связующее звено, своеобразный мост, соединяющий наследие предков и грядущие

поколения. Сумели ли мы оценить в должной мере наши священные сокровища, оставшиеся в глубине веков? Насколько мы исследовали пути наших предков? Хватило ли нашего кругозора для того, чтобы познать цивилизацию, существовавшую до нашей эпохи? Сама постановка этих вопросов показывает значимость глубокого, научного познания собственной истории и культуры.

Здесь целесообразно отметить, что реализуемая по инициативе Президента Н.Назарбаева идея «Мәңгілік ел» («Вечная страна») является генеральным курсом, связующим прошлое, настоящее и светлое будущее, провозглашающим такие ценности, как государственность, единство и сотрудничество.

Расположенное на территории Махамбетского района Атырауской области средневековое городище Сарайшык является историческим памятником мирового значения. Это не просто памятник, оставленный прадедами казахов своим потомкам, а свидетель взаимосвязанности и содружества мира людей. Расположенный на Великом Шелковом пути, он был золотым мостом, соединявшим все концы света, северные страны и народы Дальнего Востока в Передней Азии.

Средневековый город Сарайшык, включенный в государственный список исторических и культурных памятников республиканского значения из всех объектов историко-культурного наследия области, занимает особое место в истории Казахстана, так как Сарайшык–одно из священных мест, сыгравших важную роль в становлении не только Золотой Орды и Ногайской Орды, но, вместе с тем, и Казахского ханства.

К сожалению, такое ценное наше наследие в настоящее время утеряло свое первоначальное историко-культурное состояние и обратилось в руины. Поэтому для того, чтобы узнать сведения относительно возникновения этого города, его развития, расцвета и упадка мы обращаемся в первую очередь к историческим источникам. В создание истории города Сарайшык внесли большой вклад видевшие его воочию либо ознакомившиеся с его развалинами арабские и итальянские торговцы и путешественники, русские востоковеды и естествоведы, топографы, религиозные деятели, военные, казаки, археологи, краеведы, языковеды и литераторы, собиравшие образцы устного народного творчества.

Эти собранные данные способствовали реконструкции истории

средневекового города Сарайшыка. Однако имеющихся в распоряжении данных недостаточно для полного познания истории Сарайшыка. Необходимость поиска новых данных, собирания произведений устного народного творчества, героического эпоса и исторических легенд, их обработка, верификация, проведение междисциплинарных исследований является вопросом, не терпящим отлагательства.

Наряду с этим осуществление комплексных археологических раскопок не только в окрестностях Сарайшыка, но и в других древних и средневековых объектах в крае не только открыло бы тайны, сокрытые Сарайшыком от потомков, но и позволило бы открыть новые страницы истории страны.

В целом все источники, давшие возможность составления истории Сарайшыка и ныне вошедшие в активный научный оборот, можно рассматривать, разделив их по хронологии на два периода: первый относится к эпохе возникновения и существования города, второй – к периоду его крушения, когда существование города прекратилось. Здесь следует учесть одно обстоятельство: источники, относящиеся к первому периоду, за исключением свидетельства Ибн Баттуты, почти отсутствуют. По этой причине записи такого путешественника, как Ибн Баттута, который лично побывал, своими глазами видел город и оставил о нем пусть и небольшие сведения, имеет огромное значение. Тем не менее, ценные сведения, относящиеся ко второму периоду истории города, начиная с XVIII века формировались в ходе первоначально военных, а позднее научных экспедиций Российской империи в Среднюю Азию, этот процесс нашел свое продолжение в советский период.

Также в сборник включены некоторые казахские рассказы и легенды, собранные в народе чиновниками российского колониального управления. Рассказы, записанные собиравшим их среди людей чиновником, находящимся на службе Российской империи, ценны для истории Сарайшыка своим документальным содержанием. Память о прошлом нашего народа, ведшего кочевой образ жизни, дошла до нас в устной передаче от отцов к детям в виде устных исторических поэм и эпосов, богатырского эпоса, исторических легенд, и можно особо отметить заслуги И.Крафта, собравшего и перенесшего немалую их часть на бумагу. Собранные им среди казахов на территории Актюбинской области

рассказы, такие как «Иван Калита», «Предсказания кудесника», не дошли до наших дней и оказались забытыми, это лишь малая часть богатого наследия, свидетельствующего о знаниях, историческом познании народа.

Поэтому нельзя не учитывать тот вклад, который в ходе колонизации казахских земель внесли исследователи, служившие не только колониальному управлению, но вместе с тем и образованию и науке. Они в немалой степени поспособствовали сохранению бесценного духовного наследия казахского народа, тому, чтобы оно дошло до потомков.

В преддверии отмечаемого по инициативе нашего Президента Н.А.Назарбаева 550-летия Казахского ханства вниманию общественности предлагается научно-популярный сборник сведений о древнем городе Сарайшыке. Наряду с учетом интереса к истории страны, его целью является познакомить широкую публику с документально зафиксированной историей ныне обратившегося в руины знаменитого города Сарайшыка и по мере возможностей оказать влияние на ее объективное исследование.

В сборнике сведений представлены полностью либо в отрывках как ранее известные, так и неизвестные сведения о Сарайшыке ученых, путешественников, военных чиновников, краеведов и других исследователей, к которым даются научные пояснения (комментарии).

Наряду с трудами исследователей, лично побывавших в Сарайшыке и оставивших записи о нем, в сборник вошли сохранившиеся в архиве работы и опубликованные статьи профессиональных археологов, производивших в XX веке раскопки в городище, а также публикации культурно-познавательного направления в местной областной газете, всего 26 материалов. В языковом отношении сборник сведений составлен по лингвистическому принципу, то есть материалы представлены на том языке, на каком они были написаны исследователями (русском и казахском). Вместе с тем, поскольку большинство относящихся к городищу данных написано на русском языке, научные комментарии к ним даны на казахском языке. Хронология включенных в сборник сведений датируется промежутком XIV век - 1978 годы.

Структура сборника включает предисловие, историографию, источники и извлечения из работ, путевых записок и отчетов исследователей Сарайчика и комментарий к ним, список использованной литературы, именные и географические указатели, фотокопии чертежей и карт,

использованных средневековыми исследователями.

Авторский коллектив, работавший над созданием этого сборника оставляет право за читателем, как на согласие с нашими трактовками и интерпретациями, так и на сомнение, возражение и критику, которых редакционная коллегия сборника с благодарностью примет.

Редакционная коллегия и составители сборника выражают благодарность за содействие к публикации сборника: акиму Атырауской области Б.Измухамбетову, заместителю областного акима Ш. Мукану, руководителю Атырауского областного Управления культуры, архивов и документации А.Нсангалиеву.

Составители сборника: Жумабаева Ж., доцент (ассоциированный профессор), кандидат исторических наук Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова, Кипиев М.К., магистр гуманитарных наук, руководитель государственной инспекции по охране, реставрации и использованию историко-культурного наследия Атырауской области.

В сборнике использованы материалы из фондов Российской государственной библиотеки (Россия, г. Москва), Российской национальной библиотеки (Россия, г. Санкт-Петербург), Национальой библиотеки Республики Казахстан (РК, г. Алматы), Института археологии имени А.Маргулана (РК, г. Алматы), архива Атырауского областного историко-краеведческого музея.

Научный редактор издания - Жумабаева Ж., доцент (ассоциированный профессор), кандидат исторических наук Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова

Предисловие подготовлено – Ж.Жумабаевой и М.Кипиевым

Историография исследования и источники - М.Кипиев

Комментарий написаны - Ж.Жумабаевой Ж.К.

Фото и картографические материалы подготовили -М.Кипиев, Ф.Байдаулетов, Е.Орынбасаров.

Набор текста материалов, составление именных и географических указателей выполнены специалистами государственной инспекции по охране, реставрации и использованию историко-культурного наследия Атырауской области А.Кабдешовой,, Р.Ахмеденовой, Р.Куановым, М.Макжановой, Г.Жандарбеккызы.

САРАЙШЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕККӨЗДЕР

Зерттеушілердің көбі, Сарайшықты Алтын Орда дәуірінде пайда болған транзиттік сауда қаласы ретінде қарастырады. Дегенмен, қалашыққа жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары оның моңғол дәуіріне дейін қалыптасқанын хабардар етеді. Осындай алғашқы пікірді 1950-1951 жылдары қалашыққа археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген академик Әлкей Марғұлан білдірген болатын.[1] Бұл тұжырымды қалашықта 1950 жылы болған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының жетекшісі С.П.Толстов та қолдайды. Соңғысының ойынша, Сарайшықтың төменгі мәдени қабаты XI ғасырдағы хорезмдік ескерткіштерге өте ұқсас, сондықтан оны X-XI ғасырларда хорезмдік колония тұрғызған болуы керек дейді. Осыған орай, Сарайшық оның алғашқы атауы емес, ол ертеортағасырлық Саксин қаласы болу мүмкін деп тұжырымдалды.[2]

Саксиннің Хазария қаласы екендігін ескерсек, Сарайшықтың қалыптасу тарихының VII-X ғасырларда өмір сүрген Хазар қағанаты дәуірінің ескерткіші ретінде қарастырылуы қажет. Осы пікірді қазақстандық ғалымдардың біразы (С.Әжіғали, Б. Ермұханов, Т. Омарбеков, т.б.) қазір де қолдайды. Археологтардың бұл тұжырымдарын жазба деректері де жоққа шығармайды. Мысалы, X ғасырдың басында өмір сүрген араб саяхатшысы, жазушысы Ибн-Дастенің еңбегінде Каспий теңізінің солтүстігін мекендеген хазарлардың басты қаласы ретінде Сарашень және оның қасындағы Хабнела қалалары туралы айтылады. Осында тұрған жергілікті халық қаланы қыстау ретінде пайдаланып, көктем басталған соң далаға (жайлауға) көшіп, қыс түсе кейін қайтатын болған және оны мұсылмандар мекендеген. Қалада әртүрлі құрылыстармен қатар мешіттер

1 Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951 г.// Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. Инв.№763 а.- С.3.

2 Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950 г. // Советская археология. М., 1953. Т.18. С.304

де салынған.[3] Императорлық Орыс Географиялық қоғамының мүшесі В.В.Григорьевтің пікірінше, Сарайшық, Ибнь-Дасте еңбегіндегі Сарашень қаласы.[4]

Хазарияның басты қалалары – Итиль, Семендер, Беленджер, т.б., Каспийдің солтүстік және батыс жағалауларында орналасқанын және мемлекеттік діннің иудаизм болғандықтан ескерсек, Каспийдің солтүстік-шығысындағы қалалардың, оның ішінде жоғарыда көрсетілген Сарашень, Хабнелада мұсылмандар тұруы қисынды.

XVII ғ., осман тарихшысы Кятиб Челеби (Мұстафа Абдуллах, Хаджи Халифе) жазбалары да аталған ойды қуаттайды. Оның пікірінше, Джанку (Жайық) өзенінің сағасында бұрын кумандардың астанасы болған С.ван.дж (немесе С.ваи.х) қаласы бар. Кейін қала қайта салынған соң, оны ноғайлар қоныстанған және қазірде онда ноғайлардың «хандары» тұрады деп жазады. К.Челебидің еңбегін аударған ғалым Д.Девиз Сарайшықты Дешті- Қыпшақтың исламға дейінгі мәдени орталығы деп есептейді.[5]

Десекте, Сарайшық қалашығының моңғол дәуіріне дейінгі пайда болған кезеңі жөнінде мәліметтер әзірге жоғарыда көрсетілген дереккөздерімен шектеледі. Осыған орай, қазіргі кезеңде отандық тарихта қалашық XIII ғасырдың І-жартысына дейін Шыңғысханның немересі Бату ханның билігі тұсында қалыптасқан деген Әбілғазы Бахадүр ханның дерегі бойынша пікір қалыптасты. Сондай-ақ, осы дерекке сүйенсек Сарайшық Бату ханнан кейін билік басына келген Берке ханның мұсылмандыққа бет бұрған мекені болып та есептеледі.[6]

Әбілғазы Бахадүр ханның Сарайшықтың XIII ғасырдың орта тұсында пайда болды деген дерегін негізсіз деп айтуға болмас. Өйткені, осы кезеңде Жайық өзенін кешіп өткен саяхатшылар Рубрук Вильгельм мен Карпини Плано жазбаларында Сарайшық қалашығы айтылмайды. Бұдан

3 Известия о хазарах, буртасах, болгарах, мадьярах, славянах и русах Абу-Али-Ахмеда бен-Омара Ибн-Даста./ Пер. Д. А. Хвольсона. СПб., 1869. С.17.

4 Григорьев В.В. О путешествие Гарбера в Хиву в 1732 г. //Известия Императорского Русского Географического общества. 1870. Т. 6, С. 47.

5 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М., 2002. С.584

6 Родословное древо тюрков./Пер. и предисл. Г.С.Саблукова//Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. Т.XXI, в.5-6. С.151-152

шығатын ой, хазарлар кезеңінде өмір сүрген қалашық Бату ханның Жайық бойына ат басын тіреген уақытында қала жұртына айналып, яғни, қиранды болып жатуы мүмкін. Себебі, қалашық туралы алғашқы деректер тек ғана XIV ғасырда керуен жолының тұрақты жүруімен пайда болады. Аталған мерзімде Алтын Орданың гүлденуімен Батыс пен Шығысты жалғастырған сауда керуендерінің негізгі жолы Сарайшықтың үстімен өткен еді. Керуеннің жүруі сауда-саттықпен мәдениетті дамытумен қатар, өлке тарихына қатысты жазбаша деректердің қалыптасуына жол ашты. Осылардың ішінен қаланы өз көзімен көріп, сипаттаған араб саяхатшысы Ибн Батута жазбасы ел тарихы үшін өте құнды дереккөзі болып табылады.

Оның 1333 жылы шығысқа жасаған сапары Атырау даласы арқылы өтті. Ибн Батута Алтын Орданың астанасы- Сарайдан шығып, 10 күн өткеннен соң Сарайджук, яғни, Сарайшыққа жетіп, қалашықтың топографиясы мен топонимикасына қатысты бірқатар мәліметтер қалдырады. Саяхатшы «джук» сөзі кішкене деген мағына беретіндігіне орай, Сарайджуктың, «Кіші Сарай» деп аталатындығын және қалашықтың ағыны қатты Ұлысу (Жайық) аталатын үлкен өзеннің бойында орналасқандығын атап өтеді. Сондай-ақ, арабтардың бұрынғы астанасы – Бағдат қаласындағыдай (қазіргі Ирак астанасы) қайықтардан құралған көпір бар екендігіне назар аударады. Ибн Батутаны қалашықтың қазиы мен үлкен сыйлы «Ата» аталатын қарт азаматы қонақтап, соңғысы батасын беріп шығарып салады. Саяхатшылар Сарайшықта (арба сүйрейтін) жылқыларын түйеге айырбастап, 30 күн дегенде Хорезмге жетеді.[7]

Ибн-Батутадан кейін 1338 жылы Сарайшық арқылы Үргенішке испандық монах миссионер Пасхалия сапар жасайды. Ол бір жылдан астам Сарайда тұрып, жергілікті халықтардың тілін меңгереді. Пасхалия Тигрис (Еділ) өзенінің бойымен Ватук (Каспий) теңізінің жағалауымен келіп, 12 күн дегенде Сарайшыққа жетеді. Осы жерден түйеге жегілген арба арқылы 50 күн дегенде Ургантқа (Үргенішке) жеткендігін жазады.[8]

Өкінішке орай, Ибн Батутадан кейінгі саяхатшылар еңбектерінде

7 Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб., 1884. С.307-308

8 Хенниг Р. Неведомые земли. Т.3. М.,1962. С.212-213

Ғ. СЛАНОВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ ӘМБЕБАП КІТАПХАНА
421394 кт

Сарайшық қалашығы туралы деректер қысқаша беріледі. Мәселен, XIV ғасырдың 40-шы жылдарына дейін керуен жолымен жүріп өткен Франческо Пеголотти жазбасында Сарайшықтың өзге қалалардан қашықтығы көрсетіледі. Ол бойынша Сары (Сарай) мен Саракано (Сарайшық) арасына теңіз немесе құрлық арқылы 8 күнде жетуге болатын болса, Сарайшықтан Органчиға (Үргенішке) түйеге жегілген арбамен 20 күнде жетуге болатындығы айтылады. Сонымен қатар Пеголотти, егер Үргеніштен Отырарға жүрсе жолға 35-40 күн кететіндігін, ал оған, яғни Отырарға Сарайшық арқылы тікелей бағыт алса 50 күн уақыт болатындығын жазады.[9]

Қалашық пен Хорезм арасындағы қашықтық жөнінде келесі бір мәлімет ағылшын саяхатшысы - А.Дженкинсонның жазбаларында да кездеседі. Ол 1558 жылы Астраханнан Маңғышылаққа қарай қайықпен жолға шығып, Жайық өзенінің төменгі сағасында «Сернчик» немесе «Серачик» қаласы бар екендігіне тоқталады. Дженкинсонның есебінше Хорезм мен Сарайшықтың арасын 10 күнде жүріп өтуге болады.[10]

Жалпы Сарайшықтың керуен жолындағы үлкен қалашық болғандығын венециялық монах Фра Мауранық 1459 жылы жасаған картасынан да көруге болады. Картада Алтын Орда аумағы жақсы сипатталған, оның ішінде сол кезеңдегі қалалар мен мекендердің атаулары берілген. Картада Сарайшық қамалы мен мұнаралары бар қалашық ретінде және оның Жайықтың сол жағалауына қарай шығатын қақпасы да көрсетілген. Фра Мауранық картаны дайындау барысында дереккөздер ретінде өзіне дейін шыққан карталар мен шығысқа барған батыс және араб саяхатшыларының еңбектерін пайдаланғандығын еске алсақ, Сарайшықтың сол заманда Каспий маңындағы үлкен қалалардың бірі болған деп топшылауға болады.

Сарайшықтың XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы тарихы Қазақ хандығымен тікелей байланыста өрбиді. Ноғай Ордасының тарихын зерттеген В.Трепавловтың пікірінше XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығын Керей басқарған тұста

9 Становление и расцвет Золотой Орды. Источники по истории Улуса Джучи (1266-1359 гг.) Казань.2011. С.287

10 Левшин А.И. Известия о древнем татарском городе Сарайчик//Северный архив.1824.№4.С.186

оның қасындағы Жәнібек ханға кіші іні ретінде бұрынғы Өзбек ханның, одан кейін Қазақ хандығына өткен батыс қанатты (аумақты) билеу құқығы берілген. Ал сол кезеңде батыс бетте орталығы Сарайшық болатын манғыттардың көші орналасқан болатын. Осы кезеңде (шамамен 1465-1470 жылдар аралығында), Сарайшық Жәнібек ханның резиденцияларының бірі болған. Алайда, 1470 жылы Керей хан өлгеннен кейін Жәнібек басты хандық билікке отыру үшін шығысқа қарай көшкен.[11]

XVI ғасырдың алғашқы онжылдығында Сарайшықта Керейдің ұлы Бұрындық хан билік құрды. Осы кезеңде Қасым хан Бұрындықтан алшақ жүру мақсатында (*себебі, ханға жақын жүріп, тиісінше құрмет көрсетпесе, ханға қарсы шыққан болар еді, ал ол бағынуды жаны қаламады*) Моғолстанмен шекаралас аумақтағы Қаратал деген жерде қыстады. Өйткені, сол уақытта Бұрындыққа қарағанда елге Қасым ханның билігі басым болатын. Бұл жағдайды көтере алмаған Бұрындық хан 1511 жылы Самарқандқа көшіп сол жерде қайтыс болады. Осыдан кейін Қасым ханға қазақтың барлық ұлыстары мен жерлері бағынды, оның ішінде манғыттардың қонысы болған Сарайшықта енді.[12]

Қасым хан Қазақ хандығының әскери, саяси және экономикалық дамуы мен нығайуына ерекше үлес қосқан ұлы тұлға ретінде ел тарихында қалды. Ол бір дерек (Мұхамед Қайдар) бойынша 1518 жылы, келесі біріне (әл-Ғараффи, Хасан бек Румлу, Мунаджжим-башының және т.б.) қарағанда 1523-1524 жылдары қайтыс болған. XVII ғасырдың басындағы автор Қадыралы бектің мәліметтері бойынша ол Сарайшықта жерленген.[13]

Қасым ханның Сарайшықта жерленгендігін жергілікті жердегі сақталған мәліметтер де дәлелдейді. Мысалы, қалашыққа 1861 жылы зерттеу жұмысын жүргізген Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс-капитан А.Е.Алексеев цитадельдің қирандысындағы бір лақыпта (сағана) «хан моласы» аталатын қабірдің бар екендігін айтып, оның іші киіз үйге ұқсастығын және оның бір есігі мен 3 терезесі және онда 2 үлкен, 4 кіші

11 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М., 2002. С.104

12 Бұл да сонда 157 б.

13 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).Бес томдық. 2-том. Алматы. 2010. Б.376

қабір үйіндісі бар екендігін атап өтеді.[14]

Өкінішке орай, аталған хан моласының қазіргі кезеңдегі қалашық қирандысының қай жерінде орналасқаны белгісіз. Оны соңғы рет көргендердің бірі Атыраулық қоғам қайраткері Шоқан Қаржауов былай деп еске алады: «Әкем Мырзағали 1937 жылы қайтыс боларда мені хан бейітіне, Қасым ханның жанына жерлеңдер, бейіттің жанында мешіт болуға тиіс деп өсиет етті. Әкемнің өсиетін орындайын деп мәйітін Гурьевтен (Атыраудан) Сарайшыққа әкелдім. Сұрастыра жүріп 90-ға келіп қалған бір ноғай шалына кездестім. Ол Қасым хан бейітінің баспалдақпен түсетін жартылай жерасты мешітінде екендігін айтты. Мешіттің бір қабырғасы түгелдей шымылдықпен жабулы тұр, ары қарай хан бейітінің үстінен шығасың. Әкемді сол жерге жерлеп, моласын соқтық».[15]

Көріп отырғанымыздай Қасым ханның Сарайшық топырағына жатырғандығын атадан балаға жалғасқан қазақтың далалық ауызша тарихнамасы дәлелдейді.

Алтын Орда жойылып, Ресей патшалығы XVI ғасырдың орта шенінде Қазан мен Астрахан хандықтарын жаулап алған соң, 1581(1580) жылы Сарайшықты казактар тонап, қаланы жермен-жексен етеді. Казактардың ойрандауы шектен шыққаны соншалықты, олар өлген адамдардың бейіттерін қазып, олардың қабірлерінен де қазына іздеген.[16] Осы кезеңдерден бастап қалашық қирандыға айналып, Сарайшықтың ескерткіш ретіндегі «екінші» өмірі басталады деп айтуға болады.

Жалпы, XVII ғасырда казактар мен қалмақтардың Жайық бойына ендеуімен оның бойында Сарайшықтың кебін киген қалалар мен қамалдар көп болған секілді. 1666 жылы Жайық өзенімен жүріп өткен Эвлия Челеби осы өзеннің жүздеген қала мен мыңдаған бекіністің бойымен ағып өтіп, ... (аты қалдырылып кеткен) қаласының тұсында Каспий теңізіне құяды деп жазды. Ол «жүздеген» қаланың ішінен екеуінің атын атайды, олар: Салуб-

14 О развалинах татарского города Сараиль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. С.5.

15 Тоқтабаев А. Сарайшықтың аққу көлі//Егемен Қазақстан. 21.03.1998

16 История Казахстана в русских источниках. Т.1. Посольские материалы русского государства (XV-XVII вв.). Алматы. 2005. С.177.

керман және Сурун-керман.[17] Э.Челеби қала мен бекіністердің саны жөнінде мәліметті асыра сілтегені айтпаса да түсінікті, дегенмен, Жайық бойында қалалардың көп болғандығын соңғы кезеңде жүргізген далалық археологиялық зерттеулер жоққа шығармайды.

XVIII ғасырдың басында Ресей империясының Орта Азияға жасаған саяси-әскери жорықтары нәтижесінде Сарайшық қирандысы туралы алғашқы деректер орыс ғалымдарына жетеді. Оның ішінде қалашық жұртында 1732 жылдың 19 ақпанында болған Иоанн Густав Гербер (Гарбер) Сарайшықта тұтас ғимараттар қалмағандығын, тек күйдірілген қызыл және ақ кірпіштерден тұратын үйінділер жатқандығын көреді.[18]

XVIII ғасырдың екінші ширегінен бастап Сарайшық туралы мәліметтер монографиялық еңбектерден көрініс табады. Солардың бірі П.Рычковтың 2-бөлімнен тұратын «Орынбор топографиясы» жинағы. П.Рычков Сарайшықты Ұлы қаланың белгісі деп, сол кездің өзінде шатырлары, яғни, мазарлар тұрғандығын, олардан қабір мен сүйектердің шығып жатқанына қарап, бұл жерде атақты адамдардың зираты болған деп топшылайды. Сондай-ақ, Гурьев қаласын тұрғызу барысында Сарайшықтан қызыл кірпіштер тасылғанын және «қазірдің өзінде жергілікті казактар үйдің пешіне т.б. құрылыстарға қажетті кірпіштерді аталған зираттан қазып алады»- деп жазды.[19]

П.Рычковтың еңбегі жарыққа шыққан соң көп кешікпей (7 жылдан соң) қалаға П.С.Паллас бастаған академиялық экспедиция ат басын бұрады. Осы тұста П.Палластың батыс қазақтары жөнінде XVIII ғасырдың II-жартысында құнды этнографиялық дерек қалдырған бірден-бір ғалым екендігін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, оның еңбегінен Атырау өңіріне қатысты құнды географиялық және тарихи-археологиялық деректерді де кездестіруге болады. Ол 1769 жылдың 22-тамызында Сарайшық қалашығының қирандысын өз көзімен көріп, төмендегідей деректер

17 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М., 2002. С.596.

18 Journal von der Reise aus Astrachan nach Chiwah und Bucharen. Спб. 1902. P.9.

19 Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советником и Императорской академии наук корреспондентом Петром Рычковым. Спб. 1762. Ч.1. С.260-261

келтіреді: «...(қалашықтың) дуалы мен оры әлі де көрінеді, қоршауының көлемі 5 верстке дейін жетеді. Ол қазіргі форпостан бір жарым верст төмен маңда, қырдан Жайыққа қарай жәймен ағып жатқан далалық Сарайшық өзеншігінің бұрышынан басталып, одан әрі осы өзеншікпен жоғары қарай жалғаса отырып, соңында форпосты қисая (бұрыла) айналып, Жайықтың жанында аяқталады. Осы жердің (қалашықтың) ортасында жүргізілген құрғақ ор, су жинақтау үшін арнайы жасалған болуы мүмкін. Дуалдың ішінде тас құрылыстардың ірге тасы мен үйінділері бар, соған қарап қалада ақсүйектердің (атақты адамдардың) үйлері болған деп қорытындылауға болады. Құрылысқа қолданған кірпіштер мықты және ұзаққа төзімді етіп жасалған. ...Қазір осы жерде сары, ақ, көгілдір түспен боялған қымбат бағалы ыдыстардың сынықтары табылуда. Қалашықтың жері өте тұзды және ылғал болғандықтан темірден жасалған заттардың барлығын тот басқан, сондықтан оларды тану қиын. Дуалдан табылған мыс және күміс кішкене тиындар да осындай жағдайда. ...Мұнда кірпіштен салынған бейіттер өте көп, олардан кейде айтуға тұрарлықтай заттар табылуда».[20]

1770 жылдың шілде айында Еділ мен Жайық өзендері аралығын Палластың замандасы И.П.Фальк те зерттейді. Оның экспедициясы тарих ғылымда «Фальктің Орынбор экспедициясы» деп аталды. Фальктің жазбаларында Гурьев қаласы, Бақсай, Кулагин, Индер және Сарайшық бекінісі туралы мәлімет келтіріледі және ол соңғысын өзі көрмесе де, оның жанында Орал казактары талқандаған Сарайшық қаласының құландысы әлі де көрінеді деп жазды.[21]

Сарайшық қирандысын 1824 жылы өз көзімен көріп, құнды дерек қалдырған ғалымның бірі А.Левшин болды. Ол қалашықтың зерттелу мәселесіне тоқталып, бірқатар ортағасырлық деректерге талдау жасайды. Дегенмен, оның салынуы жөнінде жазбаша деректерді таппаса да, ол жөнінде Қазан мен Орынбор татарларының ауызында қалған аңызды есіне алады. Оған сәйкес Сарайшық Сарайға ұқсап салынған және онда хандар тек жаз айларында, яғни, 3-4 ай ғана мекендеген. Ол үлкен Сарайдан

20 Паллас П.С.Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. Спб., 1773. С.610-612.

21 Полное собрание ученных путешестви по России. Т.7. Спб. 1825. С.14.

кіші болғандықтан, оның атауы Кіші сарай деген мағынаны білдіреді деп тұжырымдайды. Одан әрі А.Левшин қалашық жөнінде былай дейді.»Көне Сарайшық қалашығының қалдығы топырақ үйіндісі немесе кішкене бекініс түрінде көрінеді. Оның басты кіре берісі 2 үшбұрышты бастионмен (бекініс) қорғалған. Бұл бекініс цитаделдерден құралып, оның сырты өзге сыртқы дуалмен қоршалған».

Ол әрі қарай, қалашықтың сол кезеңдегі сақталуы мен жай-күйіне тоқталады. Гурьев қалашығы мен жергілікті казактардың үй салу үшін кірпіш және өзге де құнды заттар табу мақсатында қазған шұңқырлары мен топырақ үйінділерінен, қалашықтың бұрынғы бекіністік қалпын анық айырып көру мүмкін еместігін атап өтеді.А.Левшин қалашықтың қирандысында екі күн жүріп, одан музейлік құндылық болатын заттар мен бұйымдар іздеп, тиындар табады. А.Левшин жазбасының соңында Сарайшық қирандысының қазақтар мен татарлар үшін маңызды екендігін атап өтіп, олардың бекініс тәрізді үлкен төбедегі әулие адамның басына сиынып, құрбан шалатындығын да атап өтеді.[22]

1825-1826 жылдары полковник Ф.Ф.Берг бастаған топ Каспий мен Арал теңізінің аралығына зерттеу жұмысын ұйымдастырды. Экспедиция 1825 жылдың 15 желтоқсанында Сарайшық қамалынан шығып, оған 1826 жылдың 5 наурызында қайтып оралды. Сапардың негізгі мақсаты әскери-саяси бағытта болды. Себебі, олар Сарайшықтан Хиуаға баратын жолды түгелдей физикалық-географиялық жағынан сипаттап картаға түсірді. Осындай картаның бірі Сарайшыққа арналды.[23]

А.Левшиннен кейін 1834 жылдың мамыр айында Сарайшыққа Дерпт университетінің профессоры К.Ф.Гебель бастаған экспедиция (құрамында химик А.Бергман мен ботаник К.Клаус болған) ат басын тірейді. Гебель Сарайшықтың қабырғаларына қарап, ол кезінде үлкен қала болған деп болжайды. Сондай-ақ, ол жергілікті казактардың қалашықтан алынған кірпіштерді құрылыс салуға пайдаланатынын және табылған бұйымдардың өткен-кеткен адамдарға тез сатылып кеткендігін жазады.

22 Левшин А. Известия о древнем татарском городе Сарайчик // Северный архив. 1824. №4. С.179-190

23 Первые русские научные исследования Устюрта.М., 1963. С.14-16, 89.

Гебельді Сарайшық құландысы қатты қызықтырған болса керек, ол Гурьевке (Атырау) барып қайтып келіп, жергілікті казактардың көмегімен қалашыққа қазба жұмыстарын жүргізіп, қабірден табылған адамның бас сүйектерін Дерпт университетіне алып кетеді.[24]

Сарайшыққа 1861 жылы Орал әскерінің сызба бөлімінің меңгерушісі штабс-капитан А.Е.Алексеев зерттеу жұмысын жүргізеді. Ол қалашықтың топографиясын зерттеп, оның көлемін айнала үйілген дуалымен өлшейді. Оған сәйкес қалашықтың ұзындығы 1 верст 100 сажен, ені 1 верст 50 сажен, айнала қоршаған дуалды есептегенде барлығы 3 верст 350 саженді көрсеткен. Қалашықтың ортасындағы төбе болып үйіліп жатқан цитадельдің көлемін де өлшейді, оның ұзындығы 200, ені 100 сажен болған. А.Алексеев қаланың шетінде орналасқан қорымның бір бөлігі ағаш шарбақпен қоршалғандығын көреді. Оны Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің тапсырмасымен 1846 жылы татар саудагерлері жасаған дейді.

А.Е.Алексеев жоғарыда айтылған қоршаудың ішінен әулие саналатын бір мола бар екендігін және оған қазақтар келіп аурудан жазылу үшін түнейтіндігін жазады. Алайда, жергілікті казактардың Сарайшықтың құландысына ескіліктің көзі ретінде көңіл бөлмейтіндігін айтып, селоның Сарайшық және оның қасындағы өзеннің Сарачинко аталатындығына қарамастан қаланы «Можар» деп айтатындығын келтіреді.[25]

Жайық қазақтарының Сарайшық құландысын «Можар» немесе «Маджар» атағандығын және одан құнды көмбелер табылғандығы жөніндегі деректі гурьевтік казак И.Железновтің еңбегінен кездестіреміз. Оның жазуы бойынша Жайық бойындағы ақша және т.б. құнды заттар табылған көмбелердің басым бөлігі Сарайшық маңынан табылып отырған. XVIII ғасырдың соңы мен XIX басында Сарайшық қамалында Захар Матыгин деген казак өмір сүрген. Ол мас болғанда өзінің байлығымен мақтанғаны соншалықты, Сарайшық пен Жаманқала (Махамбет) аралығына, яғни 20 шақырымнан астам қашықтықтағы жолды қызыл және

24 История и культура Атырау в русских источниках (XVIII-XX вв.). Т.1. Атырау. С.279-291.

25 О развалинах татарского города Сараиль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. С.2-7

ақ қағазды ақшалармен төсей алатындығын айтқан. Әрине, онымен ешкім ешқашанда бәстеспеген. Бірақ, жергілікті халық ауызында Матыгиннің Сарайшық маңындағы «мажардан», яғни, қала үйіндісінен бір қайыққа толатын алтын және күміс тиындар тауып алып, содан байыған деген аңыз бар екен. Алайда, И.Железнов бұл қауесетке сене қоймайды. Оның ойынша З.Матыгин қазақтардың малын арзанға сатып алып, Ресейге апарып қымбатқа сатудан байыған.[26]

Қалай десекте аңыз түбінде шындықтың бар екендігін ескерсек, сәйкесінше Сарайшық секілді үлкен сауда жолының бойында орналасқан қалашық жұртынан алтын мен күмістен тұратын көмбелердің табылуын жоққа шығаруға болмас.

Аңыз демекші, XX ғасырдың бас кезінде Сарайшық қалашығы туралы мәліметтер халық аузынан жиналған аңыз-әңгімелер жинағынан көрініс табады. Мәселен, 1900 жылы Торғай облыстық басқармасында бұратана халықтар бойынша аға кеңесші болып істейтін И.И.Краф «Из киргизской старины» атты жинақ шығарып, онда Сарайшыққа қатысты «Иван Калита» және «Предсказания кудесника» атты әңгімелер жарияланады.[27]

XX ғасырдың бас кезінде Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясына Торғай партиясының агрономы Б.Скаловтан Сарайшық жөнінде мәлімет түседі. Б.Скалов 1904 жылы қалашық құландысында болып, оның кішкене төбешіктер мен дуалдан құралғанын және ол жерден казактар жаппай күйдірілген кірпіштер іздеумен айналысатындығын хабарлайды. Осындай қазбалар барысында бірқатар археологиялық олжалар табылғандығын айта кетіп, мысал ретінде бір казактың үйінде құмыра сақтаулы екендігін мәлімдейді. Б.Скалов хабарламасының соңында жергілікті шіркеу қызметкері А.Лоскутовтың көне бұйымдарды жинаумен айналысатындығын және оның қалашық қирандысын тонаушылықтан құтқару ісіне пайдасы болар деген ой тастайды.[28]

Б.Скаловтың ұсынысына сәйкес 1905 жылы Орынбор ғылыми мұрағат

26 Железнов И.И. Уральцы: очерки быта уральских казаков. Т.1. М.,1858. С.162.

27 Крафт И. И. Из киргизской старины. Оренбург. 1900. С.110-112, 118-122.

28 Протокол №14. Очередное заседание (Оренбургской ученой архивной комиссии) 17 декабря 1904 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.16. Оренбург. С.56.

комиссиясы А.Лоскутовтан Сарайшықтың жағдайы жөнінде сұраныс хат жазып, одан келесідей жауап келеді. А.Лоскутов өз хабарламасында қалашықтың қирандысын сипаттай отырып, оның көлемінің тік төрт бұрышты және қамалы болғандығы туралы жазады. Қалашықтың ортасында үйіліп жатқан күйдірілген кірпішке қарап, ол жерде үлкен құрылыстар болған деп топшылайды. Сондай-ақ, ол, А.Левшин мен Е.Алексеев жазғандай қаланың орталық бөлігінде орналасқан «Кремльді» де, яғни, қала орталығындағы бекіністің (цитадель) орынын көреді.

Ол осы жерде жергілікті қарт казак Мохначевтің мәліметін келтіреді. Соңғысының айтуы бойынша оның атасы «Кремльдің» оңтүстік бөлігінде күйдірілген кірпіштен мұнара болғандығын өз көзімен көрген, бірақ кейін ол мұнара жойылған. Казактардың айтуы бойынша 30-40 жыл (яғни, 1905 ж.) бұрын қалашықтың тас қамалы да болған. А.Лоскутов қаланың сол кездегі жағдайын суреттей келіп, оның аумағының жартысына жаңадан үйлер мен 3 (1 мұсылмандық және 2 христяндық) қорым бой көтергендігін және ол жерде қабір қазу барысында адам сүйектері мен өзге де қыштан жасалған бұйымдар табылып отырғандығын мәлімдейді.[29]

Жалпы осы тұста Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының еліміздің қазан төңкерісіне дейінгі тарихын зерттеуге ерекше үлес қосқан ғылыми ұйымдардың бірі екендігін айта кеткен жөн. Өйткені, оның құрамындағы ғалымдар далалық зерттеу жұмыстарымен қатар, ел тарихына қатысты деректерді іздестіріп, жариялаумен де айналысты. Осындай мақаланың бірі шығыстанушы, марқұм В.Григорьев жазған Сарайшықтан Хиуаға қарай шығатын керуен жолы туралы болатын.[30] Сонымен қатар, 1910 жылы қоғамның белді мүшесі ғалым И.А.Кастаньенің құрастыруымен «Древности Киргизской степи и Оренбургского края» атты жинақ шығып, ондағы бір мақала Сарайшық қалашығының құландысына арналады. Кастанье қалашықты өз көзімен көрмегендіктен мақаласын П.Рычковтың,

29 Протокол №9. Очередное заседание (Оренбургской ученой архивной комиссии) 23 сентября 1905 г. // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.16. Оренбург. С.272-273.

Гербердің суреттеуінше, Жайық өзені солтүстік-шығыстан бастау алады, ені- 50 сажень*(50 х 2 м. 16 см), жағалауында тал – терек өседі. Өзен суының тереңдігін, тазалығын, тұнықтығын атап көрсеткен зерттеуші оның басты ерекшелігі – балыққа бай, маусым айында су кері қайтып тұрақтанғанда балықты қолмен алуға болады деп таңданады. Гербер де Гурьев қамалының Сарайшық қирандыларының тастарынан тұрғызылғаны туралы мәліметті қайталайды. (Гербер И. Журнал о путешествии из Астрахани в Хиву и Бухару 1732 г.//История и культура Атырау в русских источниках (XVIII-XX вв.) Том.1. Атырау.2014. С.24-25).

Паллас П. Сарачинский форпост

XVIII ғасырдағы Сарайшықты зерттеген ғалымдар арасында П.С.Палластың рөлі ерекше. Ол Сарайшықтан Орал қаласына дейін Жайық бойымен 3 рет аралап, Гурьев, Орал, Бөкей Ордасын зерттеді. Жинақтаған материалдарын Паллас П.С. өзінің көлемді еңбегі - «Ресей империясының әртүрлі провинцияларына саяхат» деп атап, Қазақстанның батыс өңірі территориясы тарихы мен этнографиясы және батыс өлкедегі қала мәдениеті туралы құнды мәліметтер қалдырды. Алайда патшалық және кеңестік кезеңдерде ғалым қалдырған деректер ғылыми айналымға түспей, «Жайық бойында ел болмады», «иесіз жерлер» деген ұғым қалыптасты.

Оның Сарайшық туралы деректері оның қирандыларының бұзылу эволюциясын салыстыруға мүмкіндік туғызады. П.С.Паллас 1769 жылдың 22-тамызында Сарайшық қалашығына келген П.С.Паллас бастаған академиялық

экспедицияның нәтижелері туралы Алексеев есебінде көрініс тапты, оны қайталаудың қажеттігі жоқ. Оның еңбегінен Атырау өңіріне қатысты құнды географиялық және тарихи-археологиялық деректерді ғылыми айналымға түсіруінде. Паллас қазба жұмыстарынсыз-ақ бұл қаланың тек транзиттік сауда пункті ғана емес, ірі саяси-экономикалық орталық болғандығы туралы алғашқылардың бірі боп тұжырымдады. Оның қаланың ақсүйектер тұратын бөлімі болғандығы туралы пікірінің дұрыстығын кейінгі зерттеулер нәтижесі дәлелдеді, мысалы, Сарайшық Кремлі болғандығын Лоскутов деректерінен байқаймыз.

Палластың Сарайшық орнының тиімсіз климаты туралы пікірлері оның мұндағы өсімдік дүниесінің аздығы және мұнда тұратын қазіргі тұрғындар арасында белгісіз аурулардың болғандығымен түсіндіріліп, жазбаға түскен. Онымен толық келісуге болмайды.

Палластың Сарайшық тұрғындарын татар деп көрсетуі сол кездегі ресей тарихнамасындағы белгілі жайт, бұл жөнінде жоғарыда айтқанбыз. Мұндағы халық татар болса, онда зерттеушілер көп қайталайтын « ата» сөзі «әти» немесе «бабай» болар еді- Ж.Ж..

А.И. Левшин. Известие о древнем татарском городе Сарайчике

Бұл жинаққа орыс тарихшысы А.И. Левшиннің «Северный архив» басылымының 1824 ж. №4 санының 179-190 бб. , жарық көрген «Известия о древнем татарском городе Сарайчик» атты мақаласы енгізілген. Шоқан Уәлиханов «қазақтың Геродоты» деп бағалаған автордың «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей» атышулы еңбегі 1832 ж., баспадан шыққанын ескерсек, бұл мақала оның алғашқы зерттеулерінің бірі.

1819-1820 жж. Ресей Сыртқы істер Министрлігінің Азиялық департаментінде қызмет еткен Левшин қазақ даласы тарихымен айналысуға мүмкіндік алды. Оны өзінің «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких,орд и степей» алғысөзінде атап көрсетті [Левшин А. И. Ч. I. Спб., 1832. С. 4.].

А. И.Левшиннің қазақ тарихымен айналысуы оның дүниетанымдық ағартушылық көзқарастарынан туындады десек қателеспейміз. Оған француз ағартушыларының , әсіресе, Ж. Ж. Руссоның ықпалы зор болды, Кемел шағында А. И. Левшин оның кейбір теориялық тұжырымдарының қателігін мойындаса да, оның «жаратылыстық жағдай» туралы утопиялық теориясын басшылыққа алып, европалық емес қоғамдарды зерттеуге бет бұрды.

Ж. Ж. Руссоның батыс қоғамындағы мәңгі ақыл мен табиғат заңдарының үйлесімділігінің жойылу себептерін іздеу үшін адамның табиғи жағдайын зерттеуге ұмтылғанын жақсы білеміз. Осы тарихнамалық дәстүр ықпалымен А. И. Левшин қазақ тарихын зерттеп, оның белгілі бір географиялық ортада шаруашылықпен айналысуы және сыртқы дүниемен байланысуы арқылы қалыптасқан «жаратылыстық, табиғи» сипатын көрсетуге ұмтылды.

Әлемдік тарихтағы көшпелілер рөлін тану мақсаты оның 1820 ж. «Вестник Европы» басылымында « Свидание с ханом Меньшей киргизской орды» деп аталған қазақтар туралы алғашқы этнографиялық шолу мақаласы жолжазба түрінде жазылып, қазақтың киіз үйінің ішкі көрінісі, үй жабдықтары мен қонақ күту ғұрыптары суреттелді [Левшин А. И. Свидание с ханом Меньшей киргизской орды . «Вестник Европы» 1820. Ч. 114. С. 129—139;].

Сондықтан мұнда ақыл мен табиғат үйлесімділігіне сыйымсыз нәрсенің бәрі автор тарапынан сыналып, қазақ халқы бойындағы асыл қасиеттер адамзат рухының көрінісі ретінде оның қолдауына ие болды. Кейінгі зерттеулерінде ол Ж.Ж. Руссоның «жаратылыстық адам « концепциясының шектеулілігін түсінгенмен, автор 1820—1830- жж., қазақ тарих туралы ізденістерінде адам табиғаты , жаратылыстық заң және қоғамдық қатынастар мен әдет-ғұрыптар туралы жаңа мәліметтер жинау мақсатын қойды.

1824 ж. «Северный архив» басылымында Левшиннің «Известие о древнем татарском городе Сарайчике»атты мақаласы (Северный архив. 1824. Ч. 9. № 4. С. 179—190.). жарияланып, онда Ноғай хандығының

бұрынғы астанасының XIII—XVI ғғ. құландылары сипатталып, Сарайшық қаласының салынуы туралы көзқарастары мен пікірлері ұсынылды. Автор бұдан кейін «О просвещении киргиз-кайсаков» мақаласын жазып, қазақтардың діни рәсімдері , халық медицинасы, музыкалық өнері туралы қызықты мәліметтер келтіріп, лирикалық әндері үлгілерін жариялады. Бұл мақала кейін француз тіліне аударылып, Париждегі азиялық қоғам басылымдарында жарияланды. Зерттеуші И.В. Ерофеева орыстың ұлы ақыны - А. С. Пушкиннің Левшиннің қазақтар туралы еңбектеріне қызығушылық танытқанын келтіреді.

Пушкиннің қолдауымен. 1827 ж. «Московский вестникте» жарық көрген А. И. Левшиннің «Об имени киргиз-кайсацкого народа и его отличии от подлинных, или диких киргизов»» («Қырғыз –қайсақ халқының атауы және оның шын, жабайы қырғыздардан айырмашылығы») атты мақаласы [Московский вестник. 1827. № 4. С. 432—451.] европалық шығыстану ғылымына жаңа серпін берді. Мұнда автор қазақ халқының шынайы атауы туралы мәселе қойып, оған «қырғыз», «қырғыз-қайсақ» этнонимдерін қолданудың заңсыздығына назар аударды. Бұл халықтардың этникалық атауларын айыру туралы XVIII ғғ., зерттеушілер В. Н. Татищев, Г. Ф. Миллер, И. П. Фальк, т.б. да айтқан болатын. Бұл мәселені нақты 1771 ж. «Киргизская, или казацкая хорография» еңбегінде қойған ғалымның бірі - саяхатшы ғалым Х. Барданес, алайда бұл ұсыныстар қабылданбай, халықтың нақты этникалық табиғатын бұзатын псевдоатаулар орын алды. Дегенмен А. И. Левшиннің қазақтар туралы еңбегі қазақ халқының этнологиясы туралы ғылыми көзқарастарды дамытып, бұл проблемаға ғалымдар назарын аударды.

Левшиннің Сарайшық туралы мақаласында қамтылған мәселелер кең ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ол Сарайшық туралы деректерді тек келтіріп қана қоймай, олардың шынайылығын тексерумен, верификациялаумен, талдаумен айналысады.

Левшин орыс жерлерінің Дунайдан Тобылға дейінгі жерлерінде татар-монғол билігі заманынан қалған көне ескерткіштердің молдығын,олардың қираған орындарына қарап, әлемді аузына қаратқан үлкен халықтардың

тарихтан жоғалуына Жаратқанның қатысы бар дей келе, олардан қалған мұралар арасынан Ольфия Пантикапей, Херсонис сияқты грек қалаларын және Сарай мен Сарайшықты жатқызады. Бұдан оның Сарайшықтың тарихтағы маңыздылығын түсінгенін байқаймыз. Сарай туралы мәліметтердің көптігін айтқан зерттеуші Сарайшық туралы деректердің аздығын алға тартады.

Сарайшық құландыларында бірнеше күн болған Левшин көне қала туралы көзбен көргендерімен қатар, ол жөніндегі мәліметтерді жүйелеп келтіреді. Левшиннің пікірінше, Сарайшық туралы Әбілғазы деректеріне, онда қыпшақ ханы – Тоқтағу мен хан Жәнібектің жерленген деген мәліметіне күмән келтіреді. Марко Поло, Карпини, Рубруктардың Сарайшық туралы айтпағандарына сүйеніп, XIII ғ. , бұл қала салынбаған деген тұжырым жасайды.Қазан татарларының аңыз әңгімелеріне сүйеніп, Сарайшық Еділдегі Сарайға ұқсас етіп салынды, онда хандар жаз жайлауға шыққанда 3-4 ай болады. Бұл қаланы Бату Шайбани ханға орыс жерлерін жаулаудағы қызметі үшін, соларға жақын жерде отыру үшін арнап салдырған деген мәліметін ұсынады.

Зерттеуші Сарайшық XIV ғасырда Азов арқылы Үргенішке , оданәрі Қытайға дейін сауда жасаған генуялықтарға белгілі болды деп, қаланаң пайда болуын осы кезеңге әкеп тірейді. Левшин Алтын Орданы Қыпшақ ордасы деп көрсетеді, яғни Алтын Орда тұрғындарының қыпшақ екенін көрсетеді.

Бірақ зерттеушінің Алтын Орда орнында қалыптасқан Ноғай ордасын мүлде басқа халық етіп қарастыруы қисынсыз. Бұл көшпелілер тарихын көпе көрнеу бұрмалау, бір территориядағы халықтардың ортақ тарихын жоққа шығару екендігін жақсы білеміз. Лев Гумилев тек халықтың атауының өзгеруіне қарай , сол халықты құраған ру тайпалар жоқ болды дегеннің қате екенін айтқан болатын. Сондықтан Ноғай деген атпен тарихқа шыққан халық сол Алтын Орданың қыпшақтары ғой. Осы тұжырым Алтын –Орда қыпшақтары мен қазақ халқының этникалық ортақтығын дәлелдейді.

Левшин де Сарайцшықты орыс-казактары қиратты деген мәліметті қайталап, Сарайшық тұрғындары Хиуаға қашты деген дерекке сүйенеді.

Бұл жерде Жайықтың арғы жағасынан басталатын Хиуа бағытындағы кең –байтақ қазіргі қазақ жері деп түсінуіміз керек сияқты.(пікір біздікі – Ж. Ж).

Левшин де Сарайшықтың маңызды ортағасырлық қала екеніне күмән келтірмейді. Сарайшық құландыларын көршілес қазақтар мен татарлар ерекше құрметтейтінін, ондағы бір төбені қасиетті әулиенің орны ретінде мінәжат ететінін келтіреді.

К.Ф. Гебель. Обзор путешествия в степи южной России 1834 г.

Сарайшық тарихын зерттеуге зор үлес қосқандар қатарында Дерпт (Эстония) университетінің химия және фармация профессоры Карл Христиан Гёбель (1794-1851) бар. Ол 1834 жылдың мамыр айында Жайық өзенінің Каспийге құяр сағасын зерттеген ғылыми экспедиция құрамында болып, өлке тарихы мен табиғаты туралы құнды деректерін қалдырды. Плотовой каналы, Каменный аралы және Маячный-култук (қазір жоқ) аралы арқылы теңізге түскен ол мамыр айында Пешной аралдарына жетеді. 12 мамырда экспедиция Гурьевке келіп, одан Жаманкала арқылы, әрі қарай Астраханьға кетеді. Бұл жол кордондық линия: Каспий жағалауы бойымен Красный Ярға дейінгі бағытта қазіргі Махамбет, Исатай (бұрынғы Новобогат) және Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) аудандары елді мекендерімен өтетін. Зерттеу барысында маңызды табиғи объектілер картаға түсірілді. К. Гёбель қазіргі 3-разъезд маңында бірыңғай орналасқан "Кордуан" (барлығы 17 көлшік) көлшіктерін зерттеп, олардың бірінен глаберлік (ағылшын) тұзын тауып, кейін астрахандық аптекалар жүйесінің байы К.И. Оссе 1839 жылы осы жерден билік өкілдерінің рұқсатымен жыл сайын 4 мың пұт тұзды содаға өңдеген. Одан кейін Гёбель Богдо, Азғыр (Арзагер), Чапчачи аймақтарындағы тұз кеніштерін зерттеген.

Атырау облысынан кейін химия докторы К. Гёбель Еділ мен Дон аралығында, кейін Қырымды зерттеді. Осы зерттеу саяхаттары негізінде "Оңтүстік Ресей далаларына саяхат" атты еңбек жазып, ол 1837-1838 жж. Дерпт қаласында баспадан шықты. Осы еңбегі үшін ғалым Ресей Ғылым

Академиясының Демидов сыйлығына ие болды. Біздің жинағымызға зерттеушінің Сарайшыққа қатысты жазбалары ғана енген.

Карл Христиан Гёбель «1834 ж. Оңтүстік Ресей далаларына саяхат» атты еңбегінде Сарайшық туралы мәліметтер бар. Саяхатшы күнделігі ретінде жазылған бұл деректер, А.Е. Алексеевтен 30 жыл бұрын жазылғандығымен құнды. Ол Индер мен Гурьев аралығында орналасқан Жайық өзені жағалауындағы казак форпостылары- Селенцовский(қазіргі Зеленый болуы мүмкін-Ж.Ж.), Теплинский* (дұрысы-Тополинский-қазақша теректі мағынасында, қазір қазақтар оны Топайлы деп атайды-Ж.Ж.), Крамановский (Қараман), Баскайский (Бақсай), Яманкалинский (Жаманқала) арқылы Сарайшыққа жеткенін баяндайды. Мұнда ол таңнан түске дейін көне татар* (ресейліктер түркі халықтарын көбіне татар деп атаған, мұның өзі моңғол мен қазақтың туыстығын білгендігінің белгісі - Ж.Ж.) қаласы – Сарайшық туралы мәліметтер жинақтау мақсатында жарты күндей аялдап, бұл қаланың өз заманында өте үлкен қала болғандығын оның қамалдары мен қабырға құландыларының орындарының көлемділігіне қарап тұжырымдайды.

Оның айтуынша, көне қала орны Сарайшық форпостысынан жарты шақырым өзенге қарай орналасқанын көріп, қабырға құландылары қалмаса да, бөлмелер мен құрылыстардың көк, жасыл қыш қалдықтармен араласқан тас іргетастары қалдықтарына назар аударады. Қабырға кірпіштерінің казактар тарапынан үй, құрылыстар үшін пайдаланғанын, бірақ көне жәдігерлердің(монеталар мен басқа да антиквариат) казактар қолында сақталмағанын айтады. Өйткені қала қиратылғаннан кейін қазына із егендер қала орнын аяусыз қазып тастаған. Табылған қазына қолды болғаны туралы мәліметтерді келтіреді.

Гебель қала орнындағы негізінен *шөптер мен өскіндер басқанына,* назар аударады. Саяхатшы көне қала орнының флорасының (*Lycium ruthenicum* и *Nitraria Schoberi, Lithospermum cornutum,* Asperugo procumbens, Asperula himifusa, Anchusa picta, Lepidium perfoliatum, Hyoscuamus niger, Goldbachia laevigata, Chorispora tenella, Euclidium syriacum, Sisymbrium toxophyllum) шөптеріне сипаттама бере кеп, ескі Сарайшықтың тосын сыйына

таңырқайды: : итальяндық теректер мен басқа ағаштар аллеясы арасындағы 2 көк жасыл оазисті көреді. Екі қатар егілген теректер тамаша көлеңкелі аллея жасап, оның соңында - Орлов деген бай казак еккен жеміс бағында алма, өрік, шие, алмұрт ағаштары өссе, екіншісі жүзімдік плантациясы, онда финик типтес жеміс беретін жиде ағаштары өскен. Morus tatarica Бұл бақ сулы валмен қоршалған. Бұл вал ескі Сарайшыққа қарай созылған. Гебель оны көне қаланың қоршауының қалдығы болуы мүмкін деген болжам айтады. Осы жасыл желек Гебелге даланы суландыру мүмкіндігін көрсеткендей әсер қалдырады.

Гебель жаңа Сарайшықтағы казактар туралы мәлімет береді, ондағы 95 үйдің көбі ағаштан тұрғызылғанын, сонымен қатар форпостыда ағаштан салынған мешіт барлығын, мұнда бірнеше татар отбасы тұратынына назар аударады. Жаңа Сарайшықтың сауда орталығы ретінде айналымы жылына 200 тысяч рубль, мұндағы басты тауар қырғыздардың (қазақтардың-Ж.Ж.) қой және ірі қара малы, жылқы, сиыр, қой, касқыр және түлкі терілері, жүн, әсіресе түйе жүн екендігін көрсетеді.

Гебель Редуть, Кондуровский (Кандаур) форпостылары арқылы кешке Гурьевке жеткенін баяндай келе, Сарайшықтан бастап, Жайық өзенінің Каспийге дейінгі бағытында өзенннен бастау алатын құрғап кеткен бірнеше каналдар орнын көргенін, олардың Паллас келген кезде суға толы болғанын, сондықтан оның Гурьевке бұл батпақты жерлер арқылы жүре алмай, Жайықты айналып өткенін жазады.

Мұның өзі Сарайшық пен Гурьев (Атырау) арасындағы ландшафтың өзгеріске ұшырағанын есепке алу қажеттігін көрсетеді. Гебель бұл құрғақ сайларда тек жаңбыр сулары ғана жиналатынын, тіпті көктемде де (Гебельдің саяхаты 9-11 мамыр аралығында болған –Ж.Ж.) құрғап жатқанын жазған. Саяхатшы мұның себебін Каспий теңізі мен Жайық суларының азаюымен байланыстыра келіп, Жайықтың бұрынғы арнасымен ақпауын, кемерінен шығып тасымауын осымен түсіндіреді.

Тек Гурьевтен жоғары, Сарайшықтан 12 шақырымдағы жалғыз Баксай атты канал ғана теңізбен жалғасатынын, ал Гурьев маңындағы бұрын кеме жүретін көптеген арналардың кеуіп қалғанын келтіреді. Ол Гурьевке

жақындаған сайын өзен жарқабағының біртіндеп төмендей беретініне назар аударады.

Осыған байланысты зерттеушілер Сарайшық туралы X-XII гг., араб, XIII-XIY гг. Европа, XY-XIX гг. орыс деректерін қолдану барысында бұл табиғаи ландшафтық өзгерістерді есепке алса, Сарайшық тарихының ақтаңдақтарын ашуға көмектеседі деп ойлаймыз.

Зерттеуші Жайық өзенінің Еділден ерекшелігі - ағынының жылдамдығы мен тереңдігінде болса да, оның аралдары жоқ екенін, тек Каспийге құяр жерде кеңейетінін сипаттайды. Ол Сарайшық пен Гурьев аралығындағы жерлердің құнарлы екенін ондағы шөптердің шүйгіндігімен көрсетіп, бұл жерлерге ағаш, жеміс ағаштарын егуге болатындығын айтып кеткен. Шындығында, қазір бұл жерлер Махамбет ауданын егін шаруашылықты аймағы болып табылады.

Гебель жинаған материалдарын почтамен орталыққа жіберу үшін Гурьевке келіп, одан Сарайшыққа 14 мамырда қарай кері қайтқан... Бұл кезде өзеннің көктемгі тасуына байланысты олар Сарайшыққа тіке бармай, Бақсайдан өтіп, Сарайшыққа жеткен.

Осы жолы ол форпостыдан біраз казактарды ертіп, көне қала орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, біраз ізденіс нәтижесінде бұрын ешкім тиіспеген қабірді қазған. Бір метрдей (біржарым аршин- Гебель) тереңдікте қабір қабырғаларын ашып, қабір қоймасын жауып тұрған шаршы тасты ашып, мола ішіне түсіп, онда беттерін батыстан шығысқа қаратылған үш (екеуі үлкен, үшіншісі бала) өлік сүйектерін зерттеген. Дерптегі (зертхана ең үлкен өлік сүйектерін зерттеуге алып кеткен, бала сүйектері үгіліп қалғандықтан ала алмаған, бұл зираттан ешқандай көне бұйымдар мен монеталар табылмаған.

Зерттеушінің пікірінше, зираттың іші 12 адым шаршы болып, батыс бөлігінде: тереңдігі 3 адым, тесігінің биіктігі 3 адымдай 3 үңгір орналасқан. Гебельдің Сарайшықтағы қазба жұмыстары осымен шектелген. Одан кейінгі оның саяхаты Сарайшықтан 22 шақырым жердегі Жаманқала форпосты арқылы өзен арқылы Каспий линиясына түсіп, Астраханьға бет

алған... Бұл жазбалардан мұсылман жерлеу рәсімдерін байқаймыз, яғни Сарайшық тұрғындары ислам дінін ұстанған.

*«Орал әскері ведомостілерінің» 1867 жылғы №30 санында 2-7 пп., жарияланған «*Татар қаласы-Сараиль-Джадиттің құландылары туралы («О развалинах татарского города Сараиль-Джадита»)» А.Е. Алексеевтің мақаласы

Жайық казак әскері топографы А.Е.Алексеевтің 1861 ж. атаман А.Д.Столыпиннің тапсырмасымен Сарайшық бекінісі маңындағы көне қала қирандылары және ондағы мұсылман зираты құландыларын зерттеген мәліметтері ерекше маңызды. Бұл мәліметтер Сарайшықтың қиратылғаннан кейінгі деректер қатарына жатады. Көне қала Сарайшықтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы жағдайын айғақтайтын бұл жазба бүгінде саман үгіндіге айналған, ортағасырда хазардың керуен қаласы, кейін ноғай мен қазақтың бас қаласы- астана болған Сарайшықтың сән- салтанатына күмән келтірушілердің күдігін сейілтуге, Сарайшықты ғылыми зерттеуге ықпал етеді деген ойдамыз.

А.Е. Алексеевтің көне қаланы «Сараиль – Джадит» деп атауының сыры қала орнын қазу кезінде табылған монетадағы араб тіліндегі жазуға байланысты екендігі белгілі, зерттеуші монетаның соғылған қаласын дәл тапқанмен, «Сараиль- Джадит» Сарайшықтың бұрынғы атауларының бірі болар деп қателескен. Біздің ойымызша, көне Сарайшықтан табылған монета Алтын Орданың жаңа астанасы – «Сарай аль – Джадитте» соғылған, сауда айналымындағы ақша болғандықтан оның Сарайшықтан табылуы заңды. Тек монетадағы жазудың тәржімасын араб тілінен аударуда Сарайшықтағы молда қателік жіберген.

Зерттеуші А.Е. Алексеев өз жазбасында көне қаланың қоршауының (цитаделінің) орнын көргенін, тотығып жасыл тартқан мыс теңгелер және түрлі–түсті қыш ыдыс сынықтарын жинағанын келтіреді. Орыс-казактардың «үлкендерінің» естеліктеріне сүйеніп, қаланың бұрынғы тарихы туралы деректер жинақтайды. Ол сол кезде 120 жастағы орыс-

казак кемпірі Толстовамен кездесіп, одан көне қала құландыларының орны ертеден Можар деп аталғанына назар аударады. Кейуананың айтуынша, бұл жерде нөсерден кейін күміс, мыс ақшалар, мен қымбат тастармен көмкерілген алтын және күміс сақиналар, тас моншақтардан тізілген алқалар (барка) табылатын. Бұл шамамен 1740 жж., деп есептесек, Сарайшықтың қиратылуынан шамамен 160 жыл өтсе де, одан қалған жәдігерлердің көптігі қаланың саяси- экономикалық, тарихи-мәдени маңызының жоғары өте болғанын айғақтайды.

Сарайшықтың қазіргі жай-күйі онда саманннан өзге құрылыстар болмағандай әсер қалдырғанмен, А. Алексеев деректерінде көне қала қирандылыры арасында күйдірілген қызыл кірпіштер, үлкен шаршы ақ тастардың көп болғандығы, оларды казактар бекініс салуға, кейінгі ғасырларда Гурьев қаласын салуға қолданғаны туралы шынайы мәліметтер келтіріледі.

Көне қала орнының ежелден «Можар» деп аталуы туралы Алексеев берген мәлімет біздің назарымызды еріксіз аударды, өйткені айтылуы «мажар» сөзінің орыс тілінде «можар» деп жазылатыны рас. Ойымызға қазіргі венгер халқының негізін құраған «мажар» немесе «мадияр» атты тайпаларының қазақ даласынан, дәлірек айтсақ, венгерлік және орыс деректерінде айтылғандай, оңтүстік Орал далаларынан кеткені, олардың IX ғасырда Карпатқа, қазіргі Венгрияға қоныс аударғанға дейін көшпелі өмір сүргені, венгерлердің IX ғасырда көшпей, осында қалған тайпаластарын, ата-жұрты-Ұлы Венгрияны іздеуі есімізге түсті.

Тарихи деректерде оңтүстік Орал өңірін (қазіргі Ақтөбе, Атырау облыстары да сол аймаққа кіреді, Мұғаджар мен Индер таулары Орал тауларының оңтүстік сілемдері саналады- Ж.Ж.) мекендеп, кейін Еуропаға қоныс аударған, онда венгер атауымен белгілі болған «мажар», «мадияр» тайпаларына қатысы бар ма екен деген сауал мазалады. Бұл ізденісті қажет ететін жаңа проблеманың бірі деуге негіз бар.

Алексеевтің Сарайшықтағы мұсылман зиратының құландылары арасында Бөкей Ордасы ханы Жәңгір қоршатқан зираттар туралы мәліметі айрықша құнды, бұл онда қазақ хандарының жерленуі туралы ақпарды

растайды. Алексеев осы зираттарды қаздырып, одан осы болжамды айғақтайтын жәдігерлер тапқан. Ол «Хан моласын» былайша суреттейді: "...ішкі жағы киіз үйге ұқсаған, шығысқа қараған бір есігі бар, және батыс, солтүстік, оңтүстік жақтарында 3 терезе бар, зиратта 2 үлкен, 4 кіші орындардың болуы, мұнда бір отбасы жерленгенін көрсетеді. Осындай 2 зират көне қаланың шығыс жағында да бар. Оның біреуін қаздырғанда онда кірпіштен қаланған, алебастр мен бормен құйылып жабылған 2 үлкен табыт шықты".

Алексеевтің пікірінше осы зираттардағы кірпіштер мен тастар Орынбордан, Гребен тауларынан әкелінген. Сонымен қатар зерттеуші көне қала құландыларының сыртында қала қоршауының(вал) оңтүстік-батысында, Сорочинка өзені жағалауында осы қаланың үлкен зираты болғанын, оның біреуінен басқа барлығы Сарайшық тұрғындарының айтуынша, көктемгі су тасқыны кезінде Сарачинка өзеніне құлап кеткенін келтіре отырып, Алексеевтің өзі жарқабаққа құлаған зираттардан 60 – тай адамның бас сүйектерінің қаңқасын көргенін жазады. Осы жалғыз зиратта әулие жерленгенін, оған тұрғындар ауруынан жазылу үшін түнейтіні айтылады. Зерттеуші пікірінше, цитадельдегі бір зират және қаладағы бір зиратты қала тұрғындары айрықша құрметтеген.

Алексеев Сарайшықты онда табылған монетадағы жазуға байланысты «Сараиль-Джадит» (Жаңа Сарай) деп атайды, онысы қате, Сарай Джадит Алтын Орда хандарының жаңа астанасы болғаны белгілі, онда соғылған ақшаның Сарайшықтан табылуы заңды еді.

Дегенмен зерттеушінің Сарайшық қаласының құландыларын көріп, бұл қаланың кірпіштен және үлкен ақ тастардан, мрамордан салынған құрылыстары болғаны туралы мәліметтері ерекше құнды. Ол осы құландылар арасынан салмағы 9 пұт мрамордан жасалған терезе мен есік жақтаушаларын(косяк), фарфор, мрамор, шыны және қыш ыдыс сынықтарын, әртүрлі қалыпта жасалған бүтін 3 көне қыш құмыра тапқанын жазады. Алексеев жүргізген қазба нәтижесінде бағалы тастармен көмкерілген әшкейлер, алқалар, сырға – сақиналар (2 коралл, 2 сапфир, 1 изумруд, 2 бирюза, 1 аметист, 1 маржан, янтарь, сердолик, топаз,)

, әртүрлі шыны моншақтар мен әшекейлер , араб жазуы бар ақшалар, алтын түйме, ханның аты мен соғылған қаласы,уақыты жазылған 9 күміс, 36 мыс монеталар, монғол жазуы бар 18 мыс ақшалар табылғанын және ол монеталардың ең көнесіне 417 жыл болғанын жазады. Алексеев келтірген бұл деректер Сарайшықтың XV ғасырдан арғы тарихының дәлелі. Тұзды жерде орналасқан қала орнынан табылған бұл жәдігерлердің арасынан кейбір мыс, күміс ақшалардың жарамсыз боп қалғанының туралы да айтылады.

Алексеев жүргізген қазба жұмыстары Сарайшық тұрғындарының мұсылман дінін ұстанғанын негіздеуге мүмкіндік береді. Оның өз сөзімен айтсақ, қазба жұмыстарының төртінші күні құландылардан табылған көп ақша мен заттар арасынан көк мрамор тақтайшаларға жазылған араб тіліндегі жазулар *Камиль-аль-Хан, Сеид-Хасан Касавий ғұламаларының адамдарға ізгілік пен ғылымның, даналық пен хақиқатқа жетудің жолын көрсетуші пайғамбар ұрпақтары қожалар болғаны туралы мәлімет береді. Мұндағы Касавий сөзі олардың Иасауи ілімін таратушылар екенін дәлелдейді. Зерттеуші тапқан келесі бір ақ мрамор таста да осы кісілердің аттары беріліп, олардың (Ходжа Камелы-хаке и Сенд-Хосян из Туркестана) Түркстаннан келгені жөнінде мәлімет бар.*

Алексеев жазбаларын жариялаған «Орынбор ведомостері» редакциясы оқырмандарға Сарайшық қаласының салыну уақытын дөп басып айта алмайтынын, оның Алтын Орда хандарының резиденциясы болған кезден бастап тарихқа белгілі болғанын, ал Орал казактарының алғашқы легінің бұл қаламен танысуы 1580 жыл деп көрсетеді.

Дон казактарының орыс өкіметінің қуғынынан қашқан ұры (воровские) казактар дегендері өз қайықтарымен Жайыққа түсіп, оны жоғары бойлай, Сарайшыққа жеткенін, оны талауға ұшыратқаны соншалық , оның тұрғындары Хиуаға көшуге мәжбүр болғанын баяндайды. Левшиннің мәліметіне сүйеніп, олардың қаланы талан- таражға салудағы айуандық әрекеттерінің шектен шыққанын, тек тірі адамдарды өлтіріп қоймай, молалардағы өліктерді қазып шығарғанын келтіреді (Примеч. Ист. и ст. обозр. Уральск. каз.). Осы жыл зерттеуші Рябининнің пікірінше,

казактардың Жайыққа орныққан уақыты саналады (Описание Уральского войска. Ч. 1, стр. 5).

Осы уақыттан 190 жыл өткенде (1769 ж.) Сарайшыққа келген ғалым –саяхатшы Паллас көне қала орнын төмендегіше суреттейді: «Қала айналасын қоршаған орлы биіктік (вал) орны әлі бар, оның аумағы 5 шақырымды құрайды. Ол форпостыдан шақырым жарымдай, Сорочин өзені мен Жайықтың қосылатын бұрышынан басталып, өзеншікті бойлай, форпост айналып, Жайыққа тіреледі. Осы жердің ортасында құрғақ орсай бар. Валдың ішкі жағында тас құрылыстардың іргетастары мен сұлбасы көрінеді, оған қарап, қалада бай сәулетті үйлер болғаны туралы тұжырым жасауға болады. Құрылысқа қолданған кірпіштер ұзынша және біршама үлкен.

Сонымен қатар табиғи, ұлутас белгілері бар кесек сұр тас қолданылған, бірақ бұл тас осы айналада кездеспейді. Қазір бұл жерде ақ және сары түсті бояумен боялған көне ыдыстар сынықтары табылып жатыр. Қаланың орны саз, әрі сулы болғандықтан, темір бұйымдардың қалдықтары таттанып, әзер танылады. Мыс бұйымдардан жасыл түс қалған, (яр-медянка*: мыс пен уксустың әрекеттесуінен пайда болатын жасыл түс), ал күміс заттар ақ жұқа материя түрінде сақталған. Сонда тұратын казактардан мен топаз , кровавик сияқты ұсақ тастардың әртүрін көрдім. Мұнда кірпіштен салынған зираттар өте көп, олардың ішінде көңіл аударатын нәрселер бар. Жалпы қаланың орны нашар жерге салынған» (Путешествие по разным провинциям Российской империи. Часть 1-я, стр. 611 и 612.) .

Паллас жазбаларына қарағанда, зерттеуші Алексеев деректері неғұрлым толымды, десек те бұл деректер Сарайшық тариҳының әр кезеңдерінен хабардар етеді. Алексеев өз сипаттамасында Сарайшық (Сараиль-Джадит) қаласымен замандас болған, одан батысқа қарай 20 шақырым жердегі Солянка өзені маңында тағы құрылыс қирандыларын көргенін, мұнда құлаған мұнараның белгілері бар, ыдыс- кірпіш қалдықтары Сарайшықтағыдай деп көрсетеді. Оның айтуынша, Карабау көлінде Темір қаласы (*Темирово-Городище) деп аталған қала қирандылары да бар. Алексеев Жайық өзенінің сол жағалауында* Гурьев қаласынан 8

км жердегі қала құландысына назар аударып, онда да Сарайшықтағыдай жәдігерлер барлығын айтады.

Жергілікті қазақтардың мәліметтеріне сүйеніп, бұл қаланың Алтын Орданың (моңғолдың) портты қаласы болғаны, теңіз тасуына байланысты қаланың жойылғаны туралы болжам жасайды. Бұл қазіргі кезде ашылған Актөбе – Лаэти қаласының орны болуы керек.

Алексеев дерегінің біз үшін маңыздылығы теңіз орнының қалыпты болмауы туралы дерек. Алтын Орда кезінде Сарай–Бату мен Сарай–Беркені Еуропамен байланыстыратын сауда жолы Еділден Каспий теңізіне, одан Каспий арқылы Жайық өзеніне түсіп, жоғары бойлап, Сарайшыққа жететін, Сарайшықтан әрі Жайықтан қайық - көпір арқылы арғы жағаға шығып, қазіргі Мақат ауданындағы «Тас кешу» керуен сарайы арқылы, Қайнар, Жылой ауданындағы Ұшқан, одан әрі Үстірт арқылы көне Үргенішке, одан Бұхараға жететін. Бұл XIV ғасырдағы итальян көпестері Пеголетти мен Пацигани қағазға түсіріп кеткен мәліметтер.

Тек біз бұл жерде Каспий теңізі мен Жайық өзенінің құйылысы мен орналасу шеңберінің бүгінгідей болмағанын есепке алуымыз қажет. Алексеевтің портты қала дегені Актөбе – Лаэти орнына сәйкес келеді, ендеше Каспий тасуынан суға батып, тартылғанда қайта құрылыққа шыққан бұл ескерткіш өлке тарихының ақтаңдақтарының бірі. Бүгінде орны жоғалуға айналған бұл тарихи жәдігер де зерттеушілер жазбалары арқылы бізге жетті. Тек қазақ тарихы мен мәдениетіне, өркениеттер ықпалдастығының куәсі болған бұл көне қалалардың жете зерттелмеуі көңілге кірбің ұялатады.

Біздің мақсатымыз А.Алексеев сынды зерттеушілер жазбаларына түсіп, зерттеушісін күтіп жатқан тарихи жәдігерлерімізді көпшілік қауымға таныстырып, ғылыми ізденіске жол ашу. Еліміз бен өлкеміздің этнографиясы мен антропологиясына өлшеусіз үлес қосатын зерттеулерді күтеміз .

Иван Калита

Белгілі ғалым, шығыстанушы Г.Н.Потанин «кіші Сперанский» атаған Иван Иванович Крафт патша өкіметінің бұратана халықтарды басқаруын реформалауға зор үлес қосқан қоғамдық- саяси қайраткер ретінде белгілі. Якутия губернаторы қызметін атқарған ол, Столыпиннің реформаларын жүзеге асыруға еңбек сіңірді. Ол өз заманының алдыңғы қатарлы , жаңаша ойлайтын адамдарының бірі болды.

Біз оның қоғамдық -саяси қызметінен гөрі мәдени - ағартушылық саладағы мұраларына назар аударамыз. Оның Якутия өлкесіне арналған көптеген еңбектерімен қатар, қазақтар туралы жазбалары дереккөз ретінде ерекше құнды.

1889 жылы Торғай облысының губернаторы - Я. Ф. Барабаштың жанында бұратана халықтарды басқару істері бойынша кеңесшісі болған И.И.Крафт Орынборда екі жылдық археологиялық курсты аяқтайды. 1893 жылы ол «Далалық облыстарды басқару ережесі» («Положение об управлении в степных областях»), «Отырықшы және көшпелі бұратаналарды басқарудағы қайта құрулар» («О преобразовании управления оседлыми и кочевыми инородцами») атты еңбектер жазды.

И.Крафт «Торғай газетінің» редакторы қызметін атқара жүріп, қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеді. Оның еңбектері «Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссия еңбектерінде» («Труды Оренбургской ученой архивной комиссии»), «Императорлық Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінде» («Известиях Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества»), «Қазақтың көне дүниелері» («Из киргизской старины») атты жинақта жарияланды. И. Крафт қазақ тілін оқып үйренген, соның арқасында ол қазақ арасындағы аңыз әңгімелерді жинақтады. Оның Қостанай, Орынбор, Ақтөбе облысының қазақтары, олардың тұрмысы, мәдениеті туралы жазбалары негізінде 1900 жылы Орынбордан шыққан «Из киргизской старины» атты жинақта жарияланған «Иван Калита» әңгімесі енгізілді.

Ақтөбе уезінің Бөрте болысының №4 ауылының ақсақалы мен халық биі - Мамбет Асановтан жазылып алынған бұл аңыз әңгіме Кіші Жүз қазақтарында арасында сақталған, қазақ тарихына қатысты оқиғалардан хабар береді. Бұл тарихи әңгімедегі кейіпкерлер өмірде болған тарихи тұлғалар. Хан Жәнібек пен Жиренше шешен және Москва князі – Иван Калита арасындағы қатынастарға құрылған әфсана көшпелі қазақ халқының тарихи санасы мен танымының көрінісіндей әсер қалдырады.

Иван Калита 1283 – 1340 жж. Москва княздігін, 1325 ж. Москваның, 1328 ж. Владимирдің ұлы князі, Алтын Орданың Орыс жерін билеу кезінде Ордаға салық жинаушы болған Иван Қалта (орыстар Калита деп өзгерткен- Ж.Ж.) алым-салықтың көп бөлігін өзінде қалдыру арқылы Москва княздығын нығайтқан, басқа орыс княздерін айламен, династиялық некемен немесе ақшамен сатып алу арқылы Москва айналасына біріктірген тұлға екені белгілі. Оның орыс арасындағы билігінің күшеюіне Алтын Орда ханы – Өзбек ықпал етті.

Бұл әңгімеде Жәнібек хан мен Иван Калита арасындағы келісім шарт негізінде орыстардың қазіргі төменгі Жайық алқабын қоныстану процесі көркем шығарма түрінде, аңыз сипатында көрсетіледі. Мұнда кейбір сәйкессіздіктер бар, мысалы, Иван Калита 1340 жылы қайтыс болған, ал Өзбек ханның ұлы - Жәнібек Алтын Орда ханы боп 1342 жылы таққа отырды. Бір қарағанда , жаңсақтық сияқты көрінгенмен, халық арасына кең тараған бұл жер беру фактісі Жәнібектің сұлтан кезінде мемлекеттік істерге араласуы кезінде де болуы мүмкін. Яғни бұл аңыз негізінде нақты тарихи оқиға тұр. Өйткені Алтын Орда ханы – Жәнібектің кеңесшісі болған Жиренше шешен , оның әйелі ақылды, сұлу Қарашаш туралы мәліметтер баршылық.

Зерттеушінің (Крафт) Ақтөбе өңірі қазақтары арасында тараған осы әңгімесіндегі деректер Кіші Жүз қазақтарының арғы аталарының Алтын Орда құрамында болғанын айқындайды. Патшалық Ресей ғалымдары монғол мен қазақты, ноғайды бір –біріне байланыссыз етіп көрсетуге қаншама тырысқанмен, осы тарихи аңыздың өзі халықтың тарихи жадында сақталған ақиқатты айтып тұрған жоқ па?

Алтын Орданың қол астындағы Иван Калитаның ақыл-айламен ханнан өгіз терісіндей жерді меншікке алуы, оны жіңішкелеп кесіп, бір-біріне жалғап ұлғайтып, қала салатын жер алуы туралы аңыз моңғол-татарлардың орыс халқын қанауы туралы ресейлік тарихи концепцияны жоққа шығарады. Керісінше, Иван Калитаның айлакерлікпен жер алғанын дәлелдейді. Және Иван Қалта бейнесі арқылы қазақ жерлерін айламен қоныстану бағыты меңзеледі. Шындығында Дон казактарын Алтын Орданың Жайықтағы кіші астанасы - Сарайшыққа 1580 жылы айдап салған Москва княздерінің саясаты ашылады. Сонымен қатар, Алтын Орда ыдырағанмен, оның мұрагерлері- Ноғай мен қазақтың жеріне 1640 ж. Үйшік(Гурьев) қаласының салынуы да осының дәлелі. Қазақтың Кіші Жүзі Ресей империясы қол астына ресми түрде 1731 жылы өткенмен, оның Сарайшық, Гурьев сияқты қалаларында орыс-казактардың орнығуы бұдан біржарым ғасыр бұрын басталғаны да соның айғағы.

(Әдебиеттер: Иван Калита// Крафт И. И. Из киргизской старины. Оренбург. 1900. С.110-112).

Предсказания кудесника

И.И. Крафттың «Торғай газетінде» жарияланған материалдары арасында Мәмбет Асауовтан жазып алған «Сәуегейдің болжамдары» атты қазақ аңызы да «Иван Калита» әңгімесімен сабақтас. Оның қысқаша мазмұнын қазақ тіліне аударуды мақұл көрдік, өйткені осыған ұқсас сюжет халық арасынан «Асан Қайғы айтыпты» циклмен әдебиетшілер әңгіме, жыр түрінде жинақтағанын білеміз(Б. Қорқытов, «Асыл сөз»).

Крафтың жазбасы: «... ұлы өзендер - Еділ мен Жайық аралығындағы қазір көшпелілер жайлаған далалар, өткен замандарда Жәнібек хан басқарған үлкен бір хандыққа бірігіпті. Мұнда асқан ақылды, дана, айтқаны дәл келетін Асан Қайғы атты сәуегей өмір сүріп, оның даңқы Жәнібек ханға да жетіпті. Хан оны Сарайына шақырып, айтқандарын тыңдап, шындықты қорықпай айтқаны үшін жақсы көріпті. Асан Қайғы 95 –ке келіп, қартайған шағында Жәнібек ханның даңқы мен қуатты

артыпты, дегенмен ел тағдырының болашағын ойлаған кездерінде хан Асан Қайғының даналық сөздерін тыңдауды әдетке айналдырыпты.

Күндердің күнінде хан Сарайшықтан өзіне үлкен жаңа Сарай салуды ойлап, оның іргетасын орыс адамдарына қалатыпты. Салтанатты Сарай салынып бітіп, ханның көңілінен шығып, үлкен той жасапты. Шабармандар жан—жаққа жіберіліп, ханның тойға шақыруын жеткізіп, ұланғайыр халық тойға жиналыпты. Ертеден кешке дейін ән мен жыр, күй төгілген тойда, өзіне мақтау сөздерден көңілді күй кешкен хан, Асан Қайғының тойға келмеуінен қапаланыпты.

Біраз уақыт өткеннен кейін Жәнібек ханның шабармандары оның бұрынғы күні, жас сұлу – Қарашашқа үйлену тойына бүкіл елді шақырыпты. Той–думан аяқталып, бұған да Асан қайғы келмепті.

Жәнібек хан жақсы аңшы екен, үйретілген тазы иттері мен бүркіттері болатын. Бірақ аңшылықтың ескі әдістеріне көңілі толмаған хан, тышқан жеп үйретілген құсын аңға шығарыпты. Құладынды ұстап біраз жүрген хан, оны ірі құс алуға үйрете алмапты. Тағы бірде аңға шыққан хан құладынның аққу ұстағанына қуанып, той жасайды. Шабармандарды жан-жаққа жібереді, және осы тойға Асан Қайғыны әдейілеп шақыртады. Үшінші той ретімен өтеді, бірақ ханның өкінішіне қарай, қарт данышпан бұл тойға да келмейді.

Асан Қайғының қырсықтығына ренжіген Жәнібек хан шабар жіберіп, қалай да қартты алдыртады. Қатал билеуші алдына келген сәуегей ханға сұрақ қояды:

- Саған Асан Қайғы неге керек болды? Өзге билеушілерден ұлылығың мен даңқың артқан сенің істерің әлемді таңдандырып отыр, менің о дүниеге кетіп, ғаламды жаратушының алдында бұл дүниедегі әрекеттерім үшін есеп берер кезім жақындады.

- Асан Қайғым менің қуаныштарымды бөлісер деген үмітім ақталмады, мен жасаған үш тойға да келмедің , соның себебін білгім келеді, - дейді хан.

- Сен үшін дұға қылдым, мейірімді ханым, сен қуанып, үлкен төңкерістерді бастан кешетін халқыңның болашағына жоқтау айтқаныңа

күйзеліп күніріндім, - деп жауап қатты Асан Қайғы.

- Менің тойларым кезіндегі қайғыңның себебі туралы шындықты менен жасырма. Болжамдарың қандай ауыр болса да , мені ренжітем деп қорықпа, айт , - дейді Жәнібек.

- Ондаған жылдар бойына Асан хандарға шындықты айтудан қорыққан жоқ, енді бір аяғы көрде тұрып, мейірімді ханның ашуынан қорқа алмайды. Сенің той қылған істеріңнен болашақты болжап тұрмын: орыс салған Сарайды – олар өздері алады; күнге үйлендің, одан туған ұрпақ билеуші емес, өзгеге бағынатын болады; жаман құс – құладын аққуды алса, халқыңды жатжерліктер бағындырады. Бірақ алыс болашақта Ақ патшаның билігі астындағы сенің халқыңның толайым бақыт пен жақсылыққа толы қасиетті ғасырларын көріп тұрмын...» дейді Асан Қайғы.

Асан Қайғыны тыңдаған Жәнібек хан оны есінен адасқан деп ұқты. Халық та бұл сөздерге сенбеді. Ғасырлар өткен соң, Асан Қайғы мен Жәнібек хан замандастарының ұрпақтары (яғни қазақтар-Ж.Ж.) қарт данышпанның болжамдарының шындығына көз жеткізді» деп аяқтайды Крафт.

Отарлаушы мекеменің шенеунігі болған Крафт үшін бұл аңыздағы Асан Қайғының «алыс болашақта Ақ патшаның билігі астындағы сенің халқыңның толайым бақыт пен жақсылыққа толы қасиетті ғасырларын көріп тұрмын...» деген болжамдары аса маңызды болған сияқты. Десек те, «аңыз түбі – шындық « десек, мұнда қазақ тарихына, Атырау өлкесі тарихына қатысты мәселелер кездеседі. Мысалы, Сарайшықтағы «Секер көл» туралы аңыздың шындығы Жәнібек ханның «көлге секер төгіп, аққуды мас қылуына» сәйкес кеп тұр. Тарихнамадағы пікірталас тудырған «Қазақстан - Алтын Орданың мұрагері», «қазақ пен моңғолдың этникалық туыстығы» проблемасының мойындалмауының негізсіздігі аңыз мазмұнында айқын байқалады. Онда Алтын Орда мен қазіргі Қазақстан жерінің тұтастығы көрсетіліп, «Еділ- Жайық аралығындағы халықтар бір хандыққа бірікті» делінген.

Сонымен қатар, автордың өзі (Крафт) қазақ халқымен етене араласа

жүріп, Алтын Орда тұрғындарының қазақтардың ата-бабалары екендігін мойындағанын әңгіме соңындағы комментарийінде айтып салады. Автор айтқанмен, Крафт өмір сүрген патша заманында да, кеңес өкіметі кезінде де ресми тарихнамада қазақтардың Алтын Ордаға қатыстылығы мүлде мойындалған жоқ.

Аңыз мазмұнындағы Сарайшықта Жәнібек ханның өзіне арнап сарай салдыруы, оның іргетасын қалауға орыстарды шақыруы тарихи факт ретінде қабылдауға болады. Одан «Сарайшықты Жәнібек хан салдырды» деген қате, үстірт пікір туындамауы керек. Аңызда айтылғандай, бұрыннан Алтын Орда хандарының астаналарының бірі болған Сарайшық Жәнібек хан кезінде гүлденіп, жаңа құрылыстардың салынуы заңды.

Бұл жерде Сарайшықты Бату хан (XIII ғ.) салдырғаны, кейін ислам дінін қабылдаған Берке хан (XIY ғ.) тұсында дамығаны туралы Әбілғазы мәліметтерін оқырман қатеріне береміз.

Сообщение священника Покровской церкви Сарайчиковой крепости о. Лоскутова от 3 сентября за № 173, в *Оренбургскую ученую архивную комиссию, заслушанное на очередном заседании от 23 сентября 1905 года, протокол № 9*

Сарайшық форпостысындағы Покров шіркеуінің сяшеннигі Лоскутовтың № 173, 3 қыркүйектегі *ежелгі ордалық қала Сарайшық орнынан табылған жәдігерлер туралы хабарламасы жазылған* хаты *1905 жылы 23 қыркүйекте Орынбор комиссиясының кезекті мәжілісінде (№ 9 хаттама) тыңдалып, оған* комиссия мүшелері: А.В. Васильев, Н.М. Чернавский, М.Я. Божуков, Е.И. Иванов, П.А. Незнамов, А.П. Гра, Д.С. Медведев, Б.С. Сыров, С.А. Подьяконов, В.М. Сеник және іс басқарушы И.С. Шукшинцев қатысып, А.В. Попов төрағалық етті.

1904 жылы қалашық құландысын көрген, Б.Скалов Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясына Сарайшық жөнінде мәлімет береді, онда ежелгі

қала құландылары барын, одан казактар күйдірілген кірпіштер алатынын, қазба нәтижесінде үлкен бір құмыра табылып, ол бір казактың үйінде сақтаулы екендігін хабарлайды. Б.Скалов жергілікті шіркеу қызметкері А.Лоскутовтың көне бұйымдарды жинаумен айналысатын және оны қалашық қирандысын тонаушылықтан құтқару ісіне пайдалану қажеттігін айтады.

Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясының № 242, 1905 жылғы 23 мамырдағы Сарайшықтың жағдайы туралы сұранысына Александр Лоскутовтен жауап хат келеді. А.Лоскутов қалашықтың қирандысын сипаттай отырып, оның көлемінің тік төрт бұрышты және қамалы болғандығы туралы жазады. Қалашықтың ортасында үйіліп жатқан күйдірілген кірпішке қарап, ол жерде үлкен құрылыстар болған деп топшылайды. Сондай-ақ, ол, А.Левшин мен Е.Алексеев жазғандай қаланың орталық бөлігінде орналасқан «Кремльді» де, су жинайтын арықтың орынын да көреді.

Лоскутовтың сипаттауынша, Сарайшықтың тұрған орны Гурьевтен жоғары, 48 шақырымда. Ескі Сарайшық орны шығысынан Жайық өзенімен, батысында – Жайықтың саласы- Сарачинкамен шектеліп, оңтүстігінде және солтүстігінде қабырғалармен қоршалған. Бұл екі қабырға шығыстан, Жайық жағалауынан басталып, батысқа қарай бағытталып, Сарачинкаға тіреледі.

Осылайша ежелгі Сарайшық орналасқан жердің ауданы Сарачинка саласының кейбір бұрылыстарын есептемегенде, тік төртбұрыш сияқты. Әрбір қабырға бір шақырымдай, сондықтан Сарайшық жан –жағынан мықтап қорғалған, оқшауланған. Мұның өзі Сарайшық тұрғындарына жаудан қорғану мақсатында стратегиялық тұрғыдан қажет болды. Лоскутовтың айтуынша бұл қабырғалар вал сияқты боп қалған. Сипатталған аймақта ежелгі Сарайшық құландыларынан пайда болған төмпешіктер жетерлік. Бұлар жалпы алғанда тұтас төбелерді құрайды. Осы төбелер өзінің көлемінде екі шақырымдай жерді алып жатыр.

Бұл төбелерді алып жатқан күйдірілген кірпіш, бедерлі қаптамалар (изразцы), слюда сыныктарына қарап, мұндағы құрылыстардың орасан зор

болғанын бағамдауға болады.Төбелердің оңтүстігінде валмен қоршалған жер бар. Бұл ішкі қоршау құрылыстар ортасындағы Кремль рөлін атқарған. Бұл ішкі қоршау көлемі 250 саженьді (250 х 2,16 м.)құрайды.

Қарт урядник Михаил Артамонов Мохначевтың айтуынша(оған оның атасы айтқан), кремльдің оңтүстігінде күйдірілген кірпіштен салынған мұнара болған. Лоскутов заманында , 1905 жылы ол жоқ. Бұл мұнараны Михаил Мохначевтың атасы өз көзімен көрген, сонда шамамен XIX ғасырдың 30 жж., бұл мұнара тұрған боп шығады(-Ж.Ж.). Сонда ол екі ұрпақ уақыты, 70 жылда жоқ болған.

Лоскутов қабырғалар құландыларынан пайда болған төбелер мен валдардан басқа көне Сарайшықтан жер бетінде қалған өзге белгі жоқ дейді. Казактардың айтуынша, сол кезден(1905 ж.) 30-40 жыл бұрын мұнда тас қабырғалар қирандылары тұрған. Казактар көненің бағасын білмегендіктен, қабырғаны сөгіп, кірпішімен өз үйлерінің еденін төсеген. Сондай кірпіш қалдықтары төбелерде толып жатыр. Бұл кірпіш шаршы, 6х6 вершок, қалыңдығы 2 вершок.

Лоскутов алтынордалық Сарайшық орналасқан жердің жартысында қазір казак үйлері салынды, тіпті қала қирандылары үстіне үш: 2 христиандық және 1 мұсылман зираттары салынғанын айтады. Оның себебі Жайық өзені тасығанда, су жайылмасынан қашқан тұрғындар енді үйлері мен зираттарын көне қала орны орналасқан төбелерге көшірген. Өлген адамды жерлеу және жерасты қоймалар салу барысында адамдар төбелерді қазғанда кірпіш пен адам сүйектерін тапқан. Лоскутовтың айтуынша, «былтыр (1904 ж.-Ж.Ж.) зираттардың қоршауын түзетіп жүрген казактар қыш құмыра мен сұр түсті мрамордан жасалған шар тауып алыпты. Құмыраның биіктігі 1 аршин (71,12 см. немесе оны адым деп атайды -Ж.Ж.), ал шардың диаметрі 6 вершокты (6 х 4,29 см) құрайды.

Құмырадағы араб алфавитімен жазылған жазу бар, шарды да, құмыраны да, Орал(Уральск) қаласының казагы Иван Артемьевич Аничкин Орал казак әскері кітапханасына сақтауға алып кеткен. Кітапханада облыс аумағынан табылған көне заттарды сақтайтын орын бар екен. Сарайшық орнындағы казак үйлеріне және зираттарға жер беру жергілікті казак әскері

билігінің рұқсатымен жүзеге асқан. Лоскутов « егер осылай жалғаса берсе, 15-20 жылдан кейін барлық төбелер құрылыспен жабылатынына назар аударған. Ол көне Сарайшыққа қатысты баспа еңбектерді көрмегенін айтқан.

Комиссия мәжілісі Лоскутов хабарламасымен танысып, оған рахмет айтып, Орал қаласында тұратын комиссия мүшесі И.П. Хорошхинге Лоскутов айтқан қыш құмыра мен шар туралы мәліметті тексеріп, хабарлауға міндеттеген. Кейін белгілі болдғандай, бұл құмырада Жүсіп Баласағұнидің сөздері жазылған боп шықты. Бұл дерек, Сарайшықтың тек сауда орталығы ғана емес, рухани және діни орталық болғандығын дәлелдейді.

